29 Nisan-1 Mayıs günleri arasında, Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti gerçekleşti. Ziyaret sürecinde, Kazakistan ile Türkiye arasındaki iki taraflı işbirliğini geliştirme konularının geniş kapsamı değerlendirilip, ekonomi, yatırım, ulaştırma, eğitim ve kültür alanlarındaki anlaşmalara imza atıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

28-31 Ekim'de gerçekleşen Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti ziyareti, Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesi ile birleştirildi.

Ziyaret sürecinde, Kazakistan'ın Türkiye Büyükelçiliğinin açılış töreni yapıldı. Ayrıca, Kazakistan ile Türkiye Hükümetleri arasında Türkistan şehrinde Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi kurulması konusundaki anlaşma imzalandı.

1993

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

9-11 Nisan'da, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti oldu. Ziyaret sürecinde, T. Özal Kazakistan Cumhuriyeti'nin Yüksek Meclisi'nde ve Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nde konuşma yaptı.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Ziyareti

21-22 Nisan'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev, Cumhurbaşkanı Turgut Özal'ın cenaze törenine katıldı.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

6-7 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркияда өткен Экономикалық ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовтің Түркия Республикасына ресми сапары

1-4 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовтің Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы Консулдық конвенцияға және Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия құру туралы хаттамаға қол қойылды.

1994

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Хусаметтин Жиндоруктың Қазақстан Республикасына ресми сапары

30 тамыз-2 қыркүйек аралығында Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Хусаметтин Жиндоруктың Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары

16-19 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық шартына қол қойылды. Сондай-ақ екіжақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі уағдаластықтарға қол жеткізілді. Сонымен қатар Н.Назарбаев Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

1995

Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына ресми сапары

12-14 маусымда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қалашығының іргетасы қаланды, Халықаралық ынтымақтастық және даму жөніндегі түрік агенттігінің өкілдігі ашылды.

Түркия Республикасының Премьер-министрі Тансу Чиллердің Қазақстан Республикасына ресми сапары

14-16 тамызда Түркия Республикасының Премьер-министрі Тансу Чиллердің Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарға назар аударылып, осы салаларда бірқатар келісімдерге қол қойылды.

1996

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Өмірбек Байгелдінің Түркия Республикасына ресми сапары

12-18 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Өмірбек Байгелдінің Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екі ел парламенттері арасындағы ынтымақтастық хаттамасына қол қойылды.

Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

15-17 желтоқсанда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел Қазақстан тәуелсіздігіне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шараларға қатысты.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

6-7 Temmuz'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev Türkiye'de yapılan Ekonomik İşbirliği Teşkilatı Zirvesine katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı Töleutay Süleymanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

1-4 Eylül'de, Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı Töleutay Süleymanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, Kazakistan ile Türkiye arasındaki Konsolosluk Sözleşmesi'ne ve Hükümetlerarası Ekonomik İşbirliği Komisyonu kurulması konusundaki protokole imza atıldı.

1994

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Hüsamettin Cindoruk'un Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

30 Ağustos-2 Eylül tarihleri arasında, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Hüsamettin Cindoruk'un Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

16-19 Ekim'de, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, Kazakistan Cumhuriyeti ile Türkiye Cumhuriyeti arasındaki Dostluk ve İşbirliği Anlaşmasına imza atıldı. Ayrıca, iki taraflı siyasi, ticari, ekonomik, kültürel ve beşeri alanlardaki işbirliğini canlandırmaya yönelik anlaşmalar yapıldı. Bununla birlikte N. Nazarbayev Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katıldı.

1995

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

12-14 Haziran'da, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi kampusunun temeli atıldı, Türk İşbirliği ve Kalkınma Ajansı'nın temsilciliği açıldı.

Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Tansu Çiller'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

14-16 Ağustos'ta, Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Tansu Çiller'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti gerçekleşti. Ziyaret sürecinde, iki taraflı ticari, ekonomik ilişkilere bakılıp, bu alanlarda bir dizi sözleşmelere imza atıldı.

1996

Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Ömirbek Baygeldi'nin Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

12-18 Haziran'da, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Ömirbek Baygeldi'nin Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki ülke parlamentoları arasındaki İşbirliği Protokolü imzalandı.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

15-17 Aralık'ta, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel Kazakistan'ın Bağımsızlığı dolayısıyla düzenlenen kutlama faaliyetine katıldı.

1997

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әкежан Қажыгелдиннің Түркия Республикасына сапары

3-7 наурызда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әкежан Қажыгелдиннің Түркия Республикасына сапары өтті.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мұстафа Калемлінің Қазақстан Республикасына ресми сапары

13-15 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Өмірбек Байгелдінің шақыруымен Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мұстафа Калемлінің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Түркия Республикасының Премьер-министрі Месут Йылмаздың Қазақстан Республикасына ресми сапары

9-11 қыркүйекте Түркия Республикасының Премьер-министрі Месут Йылмаздың Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарға назар аударылып, «Қазақстан мен Түркия: ынтымақтастықтың келешегі» атты конференция ұйымдастырылды.

1998

Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

11 мамырда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел Қазақстанда өткен Экономикалық ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты.

Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирелдің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

9 маусымда Түркия Республикасының Президенті Сүлейман Демирел Қазақстанда өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары

14-19 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екіжақты және көпжақты ынтымақтастық кеңінен талқыланды. Президент Н.Назарбаев Билкент университетінде сөз сөйледі және университеттің Құрметті профессоры атағына ие болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

28-30 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Республикасының құрылғанына 75 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерейтойлық салтанатқа қатысты.

1999

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Хикмет Четиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

19-21 қаңтарда Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Хикмет Четин Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсіміне қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

6 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Анталияда өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

1997

Kazakistan Cumhuriyeti Başbakanı Akejan Kajıgeldin'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Ziyareti

3-7 Mart tarihleri arasında, Kazakistan Cumhuriyeti Başbakanı Akejan Kajıgeldin'in Türkiye Cumhuriyeti'ne ziyareti düzenlendi.

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Mustafa Kalemli'nin Kazakistan Cumhuriyetine Resmi Ziyareti

13-15 Mart tarihleri arasında, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Ömirbek Baygeldi'nin daveti dolayısıyla, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Mustafa Kalemli'nin Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Mesut Yılmaz'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

9-11 Eylül'de, Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Mesut Yılmaz'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti gerçekleşti. Ziyaret sürecinde, iki taraflı ticari, ekonomik ilişkilere bakıldı, "Kazakistan ve Türkiye: İşbirliğinin Geleceği" konulu konferans düzenlendi.

1998

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

11 Mayıs'ta, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel Kazakistan'da yapılan Ekonomik İşbirliği Teşkilatı Zirvesine katıldı.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

9 Haziran'da, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Süleyman Demirel Kazakistan'da yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

14-19 Haziran'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki taraflı ve çok taraflı işbirliği geniş olarak değerlendirildi. Devlet Başkanı N. Nazarbayev Bilkent Üniversitesi'nde konuşma yaptı ve Üniversitenin Fahri Profesörü unvanına sahip oldu.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

28-30 Ekim'de, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluşunun 75'inci yıl kutlamaları dolayısıyla düzenlenen itibarlı kutlama törenlerine katıldı.

1999

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Hikmet Çetin'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

19-21 Ocak'ta, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Hikmet Çetin Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in yemin törenine katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

6 Temmuz'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev Antalya'da düzenlenen Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katıldı.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

18-19 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ыстамбұлда өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты.

2000

Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Исмаил Жемнің Қазақстан Республикасына ресми сапары

11-12 маусымда Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Исмаил Жемнің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің Қазақстан Республикасына ресми сапары

19-20 қазанда Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екі ел арасындағы тығыз байланыстарды одан әрі дамытуға көңіл бөлінді. А.Сезер Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде сөз сөйлеп, Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған мерейтойға қатысты.

2001

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Өмер Изгиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары

28 наурыз-1 сәуір аралығында Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Өмер Изгиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

26-27 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркияда өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

4 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға жұмыс сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың жолдары талқыланды.

2002

Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезердің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

3-5 маусымда Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезер Қазақстанда өткен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің саммитіне қатысты.

2003

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары

21-23 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің жаңа ғимаратының және Ыстамбұл қаласында Абай атындағы мектептің ашылу салтанаты өтті.

2004

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

28-29 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ыстамбұлда өткен НАТО саммитіне қатысты.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

18-19 Kasım'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev İstanbul'da yapılan Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı Zirvesine katıldı.

2000

Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanı İsmail Cem'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

11-12 Haziran'da, Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanı İsmail Cem'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

19-20 Ekim'de, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki ülke arasındaki sıkı ilişkilerin daha da geliştirilmesine ilgi gösterildi. A. Sezer L.N. Gumilev Avrasya Milli Üniversitesi'nde konuşma yaptı, Türkistan şehrinin 1500'üncü yıldönümüne ithaf edilen itibarlı kutlamaya katıldı.

2001

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Ömer İzgi'nin Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

28 Mart-1 Nisan arasında, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Ömer İzgi'nin Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

26–27 Nisan'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev Türkiye'de yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

4 Ekim'de, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye'ye çalışma ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki taraflı işbirliğini daha da geliştirme yolları değerlendirildi.

2002

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

3-5 Haziran'da, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Ahmet Necdet Sezer Kazakistan'da yapılan Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı Zirvesine katıldı.

2003

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

21-23 Mayıs'ta, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, Kazakistan'ın Türkiye Büyükelçiliği'nin yeni binası ile İstanbul şehrindeki Abay İlköğretim Okulu'nun açılış töreni yapıldı.

2004

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

28-29 Haziran'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev İstanbul'da yapılan NATO Zirvesine katıldı.

2005

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджановтың Түркия Республикасына ресми сапары

31 қаңтар – 3 ақпан аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджановтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Түркия Республикасының Премьер-министрі Режеп Тайып Ердоғанның Қазақстан Республикасына ресми сапары

26-27 мамырда Түркия Республикасының Премьер-министрі Режеп Тайып Ердоғанның Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында екіжақты сауда-экономикалық қатынастарға ерекше назар аударылып, осы салаларда бірқатар келісімдерге қол қойылды және Іскерлік форумы ұйымдастырылды.

2006

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

17 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Анталияда өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

2007

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Марат Тәжиннің Түркия Республикасына ресми сапары

5 сәуірде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Марат Тәжиннің Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екіжақты ынтымақтастық пен көпжақты форматтағы ықпалдастық мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

30 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытудың көкжиектері талқыланды. Н.Назарбаев Түркия Президенті Абдулла Гүлдің жоғары лауазымға сайланғаннан кейінгі алғашқы шетелдік қонағы болды.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына ресми сапары

13-15 желтоқсанда Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық, энергетикалық және мәдени саладағы ынтымақтастық кеңінен талқыланды.

2008

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

5-6 шілдеде Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүл Астананың мерейтойлық салтанатына қатысты.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Көксал Топтанның Қазақстан Республикасына ресми сапары

19-23 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Көксал Топтанның Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

2005

Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Meclis Başkanı Oral Muhammedjanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

31 Ocak-3 Şubat arasında, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Meclis Başkanı Oral Muhammedjanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Recep Tayyip Erdoğan'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

26-27 Mayıs'ta, Türkiye Cumhuriyeti Başbakanı Recep Tayyip Erdoğan'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde iki taraflı ticari, ekonomik ilişkilere özel ilgi gösterilip, bu alanlarda bir dizi anlaşmalara imza atıldı ve İş Forumu düzenlendi.

2006

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'i Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

17 Kasım'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev Antalya'da yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katıldı.

2007

Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı Marat Tajin'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

5 Nisan'da Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı Marat Tajin'in Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki taraflı işbirliği ile çok taraflı formattaki yakınlaşma konuları değerlendirildi.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

30 Eylül'de, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne çalışma ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki taraflı işbirliğinin geliştirileceği alanlar değerlendirildi. N. Nazarbayev, Türkiye Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün yüksek makama seçilmesinden sonraki ilk yabancı konuğu oldu.

Türkiye Cumhuriyeti Devlet Başkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

13–15 Aralık'ta, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti oldu. Ziyaret sürecinde, iki ülke arasındaki siyasi, ticari, ekonomik, enerji ve kültür alanlarındaki işbirliği geniş olarak değerlendirildi.

2008

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

5-6 Temmuz'da, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül Astana'nın itibarlı kutlama törenine katıldı.

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Köksal Toptan'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

19-23 Ekim'de, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Kasım Jomart Tokaev'in davetiyle, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Köksal Toptan'ın Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

2009

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары

22-24 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында Н.Назарбаев Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінде сөз сөйледі, Қазақстан мен Түркия арасында стратегиялық әріптестік туралы шартқа қол қойылды және Ыстамбұлда Іскерлік форумы ұйымдастырылды. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев бауырлас екі ел арасындағы қатынастардың дамуына қосқан ерен еңбегі және түркі әлемінің ықпалдасуындағы ерекше рөлі үшін Түркияның жоғарғы мемлекеттік наградасы – Даңқ орденімен марапатталды.

2010

Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлуның Қазақстан Республикасына ресми сапары

10-12 ақпанда Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлуның Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында жоғарғы деңгейде кездесулер ұйымдастырылып, Астана мен Анкара арасындағы саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда екіжақты және көпжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды. А.Давутоғлу Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында сөз сөйледі.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына ресми сапары

23-25 мамырда Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында А.Гүл Қазақстан Республикасының Парламентінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сөз сөйледі және осы университеттің Құрметті профессоры атағына ие болды. Астана қаласында Түркия Елшілігі ғимаратының және Түркі Академиясының ашылу салтанаты өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

7-9 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ыстамбұлда өткен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесінің саммитіне қатысты. Саммит барысында АӨСШК төрағалығын Қазақстаннан Түркия қабылдап алды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджановтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

23-24 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджановтың жетекшілігіндегі Қазақстан делегациясы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Анкарада орнатылған ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

4-6 шілдеде Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүл Астананың мерейтойына қатысты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

6 тамызда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев Бодрумда өткен Түркітілдес мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуіне қатысты.

2009

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

22-24 Ekim'de, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, N. Nazarbayev Türkiye Büyük Millet Meclisi'nde konuşma yaptı, Türkiye ile Kazakistan arasındaki Stratejik Ortaklık Anlaşması'na imza atıldı ve İstanbul'da İş Forumu düzenlendi. Kazakistan Devlet Başkanı N. Nazarbayev kardeş iki ülke arasındaki işbirliğinin gelişmesine yaptıkları büyük katkı ve Türk dünyasının yakınlaşmasındaki özel rolleri dolayısıyla Türkiye'nin yüksek devlet görevlilerini Devlet Madalyası ile ödüllendirdi.

2010

Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanı Ahmet Davutoğlu'nun Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

10-12 Şubat'ta, Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanı Ahmet Davutoğlu'nun Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, yüksek düzeyde görüşmeler düzenlenip, Astana ile Ankara arasındaki siyasi, ekonomik, kültürel, beşeri alanlarda iki taraflı ve çok taraflı işbirliği konuları değerlendirildi. A. Davutoğlu Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanlığı'na bağlı olan Devlet Yönetim Akademisi'nde konuşma yaptı.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

23-25 Mayıs'ta, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, A.Gül Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu'nda, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nde konuşma yaptı ve bu Üniversitenin Fahri Profesörü unvanına sahip oldu. Astana şehrinde Türkiye Büyükelçiliği binasının ve Türk Akademisi'nin açılış törenleri oldu.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

7-9 Haziran'da, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev İstanbul'da yapılan Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı Zirvesi'ne katıldı. Zirve sürecinde, AİGK Başkanlığını Kazakistan'dan Türkiye devraldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Meclis Başkanı Oral Muhammedjanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

23-24 Haziran'da, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Meclis Başkanı Oral Muhammedjanov başkanlığındaki Kazakistan heyeti Kazakistan Cumhuriyeti'nin kurucu Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Ankara'da dikilen anıtının açılış törenine katıldı.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

4-6 Temmuz'da, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül Astana'nın itibarlı kutlamasına katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Sekreteri, Dış İşleri Bakanı Kanat Saudabayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

6 Ağustos'ta, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Sekreteri ve Dış İşleri Bakanı Kanat Saudabayev Bodrum'da yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Dış İşleri Bakanları'nın gayri resmi toplantısına katıldı.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Республикасына жұмыс сапары

15-16 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ыстамбұлда өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мехмет Әли Шахиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары

6-9 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджановтың шақыруымен Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мехмет Әли Шахинның Қазақстан Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

1-2 желтоқсанда Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүл Астанада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің Түркия Республикасына жұмыс сапары

25-27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің Түркия Республикасына жұмыс сапары өтті. Сапар аясында К.Мәсімов Ыстамбұлда ұйымдастырылған Экономикалық ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысты. Анкарада жоғарғы деңгейде кездесулер ұйымдастырылып, екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық кеңінен талқыланды.

2011

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мехмет Әли Шахиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапары

27-29 сәуірде Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Мехмет Әли Шахин Астанада өткен Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясының 2-ші жиналысына қатысты.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ержан Қазыхановтың Түркия Республикасына ресми сапары

3 тамызда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ержан Қазыхановтың Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар шеңберінде Қазақстан мен Түркия сыртқы істер министрлері арасындағы дипломатия саласында кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру туралы меморандумға және 2012-2013 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қайрат Мәмидің Түркия Республикасына ресми сапары

27-30 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қайрат Мәмидің Түркия Республикасына ресми сапары ұйымдастырылды. Сапар барысында екі ел арасындағы арасындағы саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда екіжақты және көпжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Қайрат Мәми мен Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Жемил Чичек Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерейтойлық салтанатқа қатысты.

Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

15-16 Eylül'de, Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev İstanbul'da yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesine katıldı.

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Mehmet Ali Şahin'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

6-9 Ekim'de, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Meclis Başkanı Oral Muhammedjanov'un davetiyle, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Mehmet Ali Şahin'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

1-2 Aralık'ta, Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül Astana'da yapılan Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Teşkilatı Zirvesine katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Başbakanı Karim Masimov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

25-27 Aralık'ta, Kazakistan Cumhuriyeti Başbakanı Karim Masimov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne çalışma ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, K. Masimov İstanbul'da düzenlenen Ekonomik İşbirliği Teşkilatı Zirvesine katıldı. Ankara'da yüksek düzeyde görüşmeler düzenlenerek, iki taraflı ticari, ekonomik işbirliği geniş olarak değerlendirildi.

2011

Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Mehmet Ali Şahin'in Kazakistan Cumhuriyeti'ne Çalışma Ziyareti

27-29 Nisan'da, Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Mehmet Ali Şahin Astana'da yapılan Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi'nin 2'nci toplantısına katıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı Yercan Kazıhanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

3 Ağustos'ta, Kazakistan Cumhuriyeti Dış İşleri Bakanı Yercan Kazıhanov'un Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret dairesinde, Kazakistan ile Türkiye Dış İşleri Bakanları arasında diplomasi alanında personel hazırlama ve bilgi düzeyini yükseltme konulu memorandum ile 2012–2013 yılları işbirliği programına imza atıldı.

Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Kayrat Mami'nin Türkiye Cumhuriyeti'ne Resmi Ziyareti

27-30 Kasım'da, Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Kayrat Mami'nin Türkiye Cumhuriyeti'ne resmi ziyareti düzenlendi. Ziyaret sürecinde, iki ülke arasındaki siyasi, ekonomik, kültürel, beşeri alanlarda iki taraflı ve çok taraflı işbirliği konuları değerlendirildi. Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu Senato Başkanı Kayrat Mami ile Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı Cemil Çiçek Kazakistan'ın bağımsızlığının 20'nci yılına ithaf edilen itibarlı kutlama törenine katıldı.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІНІҢ ТАҢДАМАЛЫ ЖИНАҒЫ

KAZAKİSTAN İLE TÜRKİYE DEVLET YÖNETİCİLERİNİN YAPTIĞI KONUŞMALARIN SEÇİLMİŞ DERLEMESİ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі

1992 жылғы 30 қазан, Анкара

Құрметті мырзалар!

Ең алдымен бізді құшақ жая қарсы алғандарыңыз үшін және осы саммитті өткізу жөніндегі игі ұсыныстарыңыз үшін аса мәртебелі Тұрғыт Өзал мен Сүлейман Демирел мырзаларға, бүкіл түрік халқына алғысымды білдіргім келеді.

Соңғы кездесуімізден бері жарты жылдай ғана уақыт өтсе де біздің елдерімізде, жалпы әлемде көптеген өзгерістер болды. Біз өзіміз тікелей куәгері әрі қатысушысы болып жүрген қазіргі оқиғалар тасқыны жағдайында саясатта,мемлекетаралық қарым-қатынас принциптерінде саяси өзімшілдіктен тысқары мызғымас бағыт-бағдар ұстанудың маңызы өте зор, егер біз бір-бірімізбен қарым-қатынасымызда осындай берік негізде табан тіремесек, онда біздің халықаралық көлемдегі іс-шараларымыз дәрменсіз күйде қалған болар еді. Ал мұндай жағдайда біздің халықтарымыздың басты мүдделері ескерілмей қалатыны сөзсіз.

Азия құрлығында біздің өзара ынтымақтастығымызға дем беріп отыратын, сенімімізді арттыратын құбылыс – түркі тектес халықтардың бір-біріне деген ерекше ықыласы дер едім. Біздің түбі бір туысқан халықтарымыз өз тарихында талай тар жол, тайғақ кешулерді, зорлық-зомбылықты көп көрді. Бірақ мойымады. Тілі, діні, дәстүрі жақын халықтар бірін-бірі ішке тартады.

Бірақ халықтардың бұл өзара тарихи ынтымақтастығы түбі бір туысқандығына қарай тұйықталуды, бөлінуді көздемейді. Мұстафа Кемал Ататүріктің елдікке, бірлікке шақырған көрегендік саясаты бұған толық куә бола алады.

Түркі халқы ежелден тағдыр табыстырған этностармен, халықтармен бірлікте өз тарихын жасауға тырысқан. Біз ұлы Анамыз – Азия құрлығының топырағында өсіп-өнген барша адамзатпен бірге ғасырлар бойы тіршілік етіп келеміз. Сондықтан да біздің елдеріміз арасында орныққан өзара байланыстың нығая түсуін табиғи құбылыс деп қарау керек. Елдеріміз арасындағы мұндай қарым-қатынас, әсіресе соңғы уақытта дами түсті. Бұл заңды құбылыс. Өйткені біз өз даму жолдарымызды өзіміз таңдаймыз, мұндайда бір-бірімізге арқа сүйемесек алға жылжуымыз қиын.

Мен өзімді парасатқа жүгінуші әрі прагматикпін деп санаймын. Бірақ бүгін алдымызда шешілуге тиіс күрделі мәселелер тұрған шақта, өзіме өзім мынадай сұрақтар қоямын: бүгінгі кездесуіміздің басты мағынасы неге келіп саяды? Қандай мақсатты көздеп отырмыз? Біздің жуырдағы және алыс болашақтағы іс-қимыл моделіміз қандай болмақ?

Принципінде, түркі мемлекеттері арасында ортақ басшылыққа алатын қарым-қатынастар пәрменді, өміршең тәжірибелері мол деп айта алмаймын. Сондықтан осы проблемаға байланысты өз көзқарасымды қысқаша баяндап бергім келеді. Бұл мәселелер ерте ме, кеш пе, бәріміз бірігіп қабылдайтын шешімдердің жөн-жобасын айқындауға мүмкіндік береді.

<u>Бірінші нұсқа</u>. Біз халықтардың қазіргі бір-біріне

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türk Dili Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirvesinde yaptığı konuşma

30 Ekim 1992, Ankara

Saygıdeğer beyler!

Öncelikle bizlere göstermiş olduğunuz sıcak karşılama ve bu Zirvenin düzenlenmesine ilişkin güzel önerilerinizden ötürü, Sayın Turgut Özal ve Süleyman Demirel beyefendilere ve tüm Türk halkına şükranlarımı iletmek istiyorum.

Son buluşmamızdan bu yana altı ay gibi bir zaman geçmesine rağmen, bizim ülkelerimizde ve genel olarak dünyada birçok değişim meydana gelmiştir. Bizim ülkelerimizin doğrudan tanıklık ettiği hem de içinde bulunduğu mevcut olaylar akışı ortamında siyasette, devletlerarası ilişki ilkelerinde siyasi bencillikten uzak, sarsılmaz bir tutum takınmamızın önemi büyük, eğer biz birbirimizle olan ilişkilerimizi böylesine sağlam bir zemin üzerine oturtmamış olsaydık, uluslararası çaptaki çabalarımız cılız kalırdı. Bu durumda halklarımızın temel menfaatleri hiç şüphesiz ki tamamen göz ardı edilebilirdi.

Asya kıtasında bizlerin karşılıklı işbirliğine hayat veren ve birbirimize olan güvenimizi artıran olayın, Türk halklarının birbirine duyduğu özel ilgi olduğunu ifade edebilirim. Bizim aynı kökten gelen akraba halklarımız kendi tarihlerinde nice "dar yol, kaygan geçitleri", cefaları çok gördü. Fakat cesaretini kırmadı. Dili, dini ve gelenekleri yakın halklar birbirine el uzattı.

Ancak, halkların bu birbirleriyle tarihi işbirliği, aynı kökten gelen akrabalarıyla içine kapanmışlığı ve bölünmüşlüğü öngörmemektedir. Mustafa Kemal Atatürk'ün barışa, birliğe davet eden vizyoner politikası bunun en büyük kanıtıdır.

Türk halkları, ezelden kaderin bir araya getirdiği uluslarla, halklarla birlikte kendi tarihini oluşturmaya uğraştı. Bizler yüce anamız Asya kıtasının topraklarında doğup gelişen diğer insanlarla birlikte yüzyıllar boyu ömür sürüyoruz. Dolayısıyla da bizim ülkelerimiz arasında kurulan ilişkilerin güçlenmesini doğal karşılamak gerek. Ülkelerimiz arasındaki bu tür ilişkiler özellikle son zamanlarda güçlendi. Bu hukuki olay. Çünkü biz kendi gelişme yolumuzu kendimiz seçiyoruz, böyle durumlarda birbirimize destek olmazsak ilerlememiz zor.

Ben kendimi ferasete başvuran pragmatik biri sayıyorum. Ancak günümüzde çözülmesi gereken büyük sorunların beklediği bir dönemde, kendi kendime şu soruları soruyorum; bugünkü görüşmenin esas anlamı nedir? Hangi amacı gözlüyoruz? Bizim yakın ve uzun vadeli eylem modelimiz ne şekilde olmalı?

Prensipte, Türk devletleri arasında ortak yönetim sağlayacak ilişkiler gücü, hayat deneyimleri çok diye söyleyemem. Dolayısıyla, söz konusu meseleyle ilgili kendi bakış açımı kısaca aktarmak istiyorum. Bu meseleler er ya da geç hepimizin birlikte kabul edeceğimiz kararların çerçevesini belirlemeye imkân verecektir.

Birinci model. Biz halkların mevcut yakınlaşma hızını muhafaza etmek suretiyle ilişkilerimizi acele etmeden ilerleteceğiz. Biz bugünkü Zirve sırasında elde edilen anlaşmalara uygun bir şekilde çalışacağız, eksiklerimiz ve başarılarımızı sabırla değerlendireceğiz,

жақындай түсу қарқынын сақтай отырып, қарым-қатынасымызды тұрақты түрде асықпай дамыта береміз. Біз осы кездесу барысында қол жеткізілген келісімдерге сәйкес жұмыс істейміз, кемшіліктеріміз бен жетістіктерімізге байсалдылықпен талдау жасаймыз, экономикалық және мәдени байланыстарымызды ұдайы нығайта береміз. Біз бұл өзара іс-қимылымызды саяси шеңбердің аясына салуға тырыспаймыз, бұл үдеріс өмірдің ағымымен жүріп отырады.

Бұдан күтетін түпкі нәтижеміз: бүгінгіге қарағанда рухани-мәдени байланыстарына негізделген түркілік жалпы рынок секілді қоғамдастыққа қол жеткізу. Бейнелеп айтқанда, бұл нұсқада біз күш-жігерімізді біріктіре отырып, «Үлкен Азия бау-бақшасындағы түркі учаскесін» баптауды мақсат етіп қоямыз.

Екінші нұсқа. Біз, жоғарыда айтылған мәселелермен қатар, халықтарымыздың мүддесі үшін экономикалық және саяси ынтымақтастықтың әлдеқайда тығыз әрі үйлестірілген жолдарын іздейміз. Ол үшін біз парламенттік кездесулердің жүйелі түрде өтіп тұруын жолға қоямыз, тағы басқалар. Принципінде біз бұл жерде мемлекетаралық өзара іс-қимылымызды бағдарлап отыратын қандайда бір институттандыру рәсімін ойластыруымызға болады.

Бұдан күтетін түпкі нәтижеміз: өздеріңізге жақсы таныс Ынтымақтастық жөніндегі еуразиялық мемлекеттік кеңестің жобасы тәрізді беделді ұйымға қол жеткізу.

Бейнелеп айтқанда, бұл нұсқада біз арнаулы үйлестірушілік күш-жігердің көмегімен «Азия бау-бақшасындағы түркі учаскесінде» ынтымақтастық жемістерінің пісіп-жетілуін тездетеміз.

Үшінші нұсқа. Біз бір-біріне тарихи және географиялық жағынан етене жақын елдер арасындағы өзара қарым-қатынастың, бүгінгі Кеңеске қарағанда әлдеқайда кең құрамда, аймақтық құрылымын жасауды көздейміз. Бұған қатысушылар құрамын, айталық, мұның алдында болған кездесулердегі мемлекеттер шеңберіне дейін, немесе құрлықтағы біздің басқа көршілеріміздің есебінен кеңейтуге болар еді.

Бұдан күтетін түпкі нәтижеміз: өзара мүддемізге сай келетін салаларда аймақтық органдарды институттандыру рәсімін өмірге алып келу.

Мұның мысалдары Шығыс Азияда, Оңтүстік-шығыс Азияда және Оңтүстік-батыс Азияда да бар. Мысалы, Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерінің Одағы (ASEAN), Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі, тағы басқалар. Ал құрлықтың Солтүстік-батысында, Солтүстігінде және Орталық Азияда мұндай құрылымдар әзірге жоқ. Біз көршілерімізге, мысалы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының құрамын кеңейту және оны анағұрлым жаңа сапаға көшіру жолымен «ақтаңдақтарды» игере бастауды ұсынар едік.

Бейнелеп айтқанда, бұл нұсқада бірлесіп баптап жатқан «Бүкілазиялық бау-бақшадағы учаскенің» шекарасын түркі мемлекеттерінен тыс жерлерге дейін кеңейтуге болар еді. Сонда бұл ұжымдық күш-жігерден біз де, Орталық Азиядағы көршілеріміз де ұтады.

Төртінші нұсқа. Біз Сіздермен бірге кез-келген аймақтық және құрлықтық органдар мен ынтымақтастықтың кез-келген құрылымын табиғи түрде өмірге келтіру үшін қолайлы жағдайлар жасауға күш жұмсап отырмыз.

Ол қандай жағдайлар? Бірінші кезекте ол – құрлықта бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтау. Ынтымақтастық құрылымын табиғи өсіруге қолайлы жағдай жасаудың алғашқы қадамы – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес бола алар еді.

Бұл бірлесіп күш-жігер жұмсау арқылы тек түркілердің емес, басқа да халықтардың, тек Орталық Азияның емес, бүкіл құрлықтың ынтымақтастық «құнарын арттыруға» мүмкіндік берер еді.

Менің ойымша, саяси тұрақтылық және өзара сенімсіздікті бәсеңдеткен жағдайда ғана біз «Бүкілазиялық бау-бақшадағы» өзіміздің «учаскемізді» асып саспай тиімді «баптаймыз» және ғасырлар бойы пісіп-жетілген жемісімізді жинап ала аламыз, мұнымен Сіздер келіседі деп ойлаймын.

Дамудың ұзақ мерзіміне арналған бұл нұсқалар, әрине, болашақта мүмкін болатын сансалалы балама ұсыныстардың бәрін қамтымайды. Әрқайсыңыз болашақта не күтіп тұрғаны жөніндегі өз көзқарастарыңыз бен түсініктеріңізді ұсынып, толықтыра аласыздар.

Мен мұны өзіміз жүріп өткен, жүріп келе жатқан

ekonomik ve kültürel ilişkilerimizi ara vermeden pekiştireceğiz. Biz bu karşılıklı eylemimizi siyasi çerçeveye sokmak için çabalamayacağız, bu süreç hayatın doğal akışıyla devam edecektir.

Bundan beklenecek ana sonucumuz; bugünküne göre manevi ve kültürel ilişkilerin kuvvetlendiği ortak Türk pazarı benzeri bir kuruma ulaşmak. Betimleyecek olursak, bu modelde biz gücümüzü ve irademizi birleştirerek "Büyük Asya bahçesinde Türk halkları parseli" olmayı amaç edineceğiz.

İkinci model. Biz yukarıda bahsedilen meseleler yanı sıra, halklarımızın menfaati için ekonomik ve siyasi işbirliğinin her halükarda daha sıkı, daha koordineli yollarını arayacağız. Bunun için biz parlamentolar arası görüşmelerin sistematik olarak gerçekleşmesini yola koyacağız, vb. Prensip olarak bizler burada devletlerarası işbirliğimizi programlayacak bir kurumsal yapının tesisi üzerinde de düşünebiliriz.

Bundan beklenecek ana sonucumuz; hepinizin yakından bildiği işbirliğine ilişkin Avrasya Devletler Birliği projesi benzeri saygın bir kuruma ulaşmak.

Betimleyecek olursak, bu modelde biz özel uyumlu güç ve irademizin yardımıyla "Asya bahçesindeki Türk halkları parselinde" işbirliği ürünlerinin olgunlaşmasını hızlandıracağız.

Üçüncü model. Biz, birbirine tarihi ve coğrafi bakımdan etle tırnak gibi yakın ülkeler arasındaki karşılıklı ilişkinin, bugünkü Zirveyle kıyaslandığında daha geniş katılımlı, bölgesel teşkilatını oluşturmasını hedefleriz. Buna katılacakların listesini, diyelim ki, öncesinde yapılan Zirveye katılan devletler dairesine kadar veya kıtadaki diğer komşularımızın katılımlarıyla genişletebiliriz.

Bundan beklenecek ana sonucumuz; karşılıklı menfaatlerimize uygun alanlarda bölgesel organların kurumlaşmasını hayata geçirmektir.

Bunun örnekleri Doğu'da da, Güneydoğu Asya'da da ve Güneybatı Asya'da da var: Örneğin, Güneydoğu Asya Devletleri Birliği, Fars Körfezindeki Arap Ülkeleri İşbirliği Konseyi ve başkaları. Kıta'nın Kuzeybatısında, Kuzeyinde ve Merkezi Asya'da bu tür yapılar henüz yok. Biz komşularımıza, örneğin, Ekonomik İşbirliği Teşkilatının bünyesini genişletmek ve onu daha üst kaliteye ulaştırmak suretiyle "beyaz lekeleri" de kavramaya başlamasını önerirdik.

Betimleyecek olursak, sözü edilen modelde, birlikte baktığımız "Büyük Asya bahçesindeki parsel" sınırı Türk devletlerinin dışına kadar genişletilebilir idi. Bu durumda, bu ortak güç ve iradeden biz de, Merkezi Asya'daki komşularımız da kazanır.

Dördüncü model. Biz Sizlerle birlikte, bölgesel ve kıtasal kurumlarla işbirliği yapacak herhangi bir teşkilatı doğal yollarla hayata getirmek üzere uygun ortam oluşturmak için güç sarf ederiz.

Bunlar nasıl ortamlar? Birinci sırada bu, kıtada barış, istikrar ve güvenliği sağlamaktır. İşbirliği yapısının doğal yollardan gelişmesi için ortam hazırlamanın ilk adımı Asya'da İşbirliği ve Güven Artırıcı Önlemler Konferansı olabilir idi.

Bu birlikte güç ve irade sarf edilmesi sayesinde, sadece Türk halklarının değil başka halkların da, sadece Merkezi Asya'nın değil, bütün kıtanın işbirliği "veriminin artmasına" imkân sağlar idi.

Kanımca, ancak siyasi istikrarla ve karşılıklı güvensizliği azalttığımız takdirde biz "Genel Asya bahçesindeki" kendi "parselimizi" aşıp şaşmadan elverişli "bakabiliriz" ve yüzyıllarca yetiştirdiğimiz ürünleri toplayabiliriz, bunu Sizler kabul edersiniz diye düşünüyorum.

Uzun vadeli gelişimi öngören bu modeller, elbette ki gelecekte ortaya çıkabilecek çok yönlü alternatif önerilerin tamamını kapsamamaktadır. Her biriniz gelecekte karşılaşabileceğiniz olaylarla ilgili görüş ve fikirlerinizi önerebilir ve tamamlayabilirsiniz.

Ben bunu kendi geçip gittiğimiz, geçmekte olduğumuz ve gelecek dönemde geçmeye mecbur olduğumuz yollarımızın manasının akıldan çıkarılmaması için söylüyorum.

Her şeyi eskisi gibi bırakalım mı, yoksa devletlerimizin karşılıklı sıkı işbirliğini sağlayalım mı, komşularımızla birlikte, Merkezi Asya'da işbirliğinin bölgesel yapısını tesis edecek miyiz, yoksa tamamen geliştirmek yoluyla bütün kıtaya güç toplamaya başlayacak mıyız? Bu, Sizler ve bizlere bağlı.

Bugünkü günün gerçeği bu modellerin hepsini geliştirmemize temel olabilir. Çünkü bunların hepsi hayatın kendisinde tomurcuklanmaktadır.

Kanımca, bizim için dördüncü modelin üstünlükleri var gibi. Bu yol belki kısa sürede sonuç vermez. Onun hissesiyle bu model bizim halklarımızın,

және алдағы уақытта жүруге тиіс жолдарымыздың мағынасын естен шығармас үшін айтып отырмын.

Бәрін бұрынғы күйінде қалдырамыз ба, әлде мемлекеттеріміздің өзара тығыз іс-әрекетін көздейміз бе, көршілерімізбен біріге отырып, Орталық Азияда ынтымақтастықтың аймақтық құрылымын жасаймыз ба, әлде жаппай гүлдендіру бағытында бүкіл құрлық бойына күш жинауды бастаймыз ба – бұл Сіздер мен біздерге байланысты.

Бүгінгі күннің шындығы осы нұсқалардың бәрін дамытуға негіз бола алады. Өйткені бұлардың бәрі өмірдің өзінде бүршік жарып келе жатыр.

Меніңше біздерге төртінші нұсқаның артықшылығы бар сияқты. Бұл жол мүмкін тез арада нәтиже бере қоймас. Оның есесіне бұл нұсқа біздің халықтарымыздың, бізбен қатар өмір сүріп жатқандардың мүддесін, Азия құрлығы бойынша көрші елдердің бәрінің мүддесін көздейді. Тағдырдың өзі бүгінгі таңдауда татулық пен ашық болудың білдірудің зор мүмкіндігін беріп отыр. Біз бұл таңдауды қабылдаймыз және қабылдауға тиіспіз.

Біз мазасыз уақытта өмір сүріп отырмыз. Өмірдің өзі біздің таңдауымызда әр тарапқа итермелеп, әрбір қадамымызды әр саққа жүгіртуі мүмкін. Бүгінгі біздің таңдаған жолымызды келер ұрпақ қабылдамай, кінәлауы да мүмкін, керісінше, біз жоққа шығарған істер ізімізді басып келе жатқандар үшін керемет болып көрінуі де ғажап емес. Біз сіздермен бірге қандай жолды таңдасақ та, ол – саналылыққа негізделуі тиіс.

Бізге мұндай жалпылама мәселелерден іргемізді аулақ салып, күн сайын алысып келе жатқан, кейде қуанып, кейде қиналатын қайнаған саяси өмірдің иіріміне сүңгіп кетуімізге болады. Бірақ ерте ме, кеш пе, бұл мәселелер, бүгінгі өмірден алшақ сияқты көрінгенімен, барлық болмысымен алдымыздан шығады. Ол қазірдің өзінде түрлі стратегиялық жаңсақтық жағдайында көрініп жүр, жаңсақ болатын себебі – біз стратегияға аз көңіл бөлеміз.

Güvenliğe yönelik tehditler kapsamında terörizm, uluslararası toplumun bugün karşı karşıya olduğu en önemli sorunların başında gelmektedir. Terörden büyük zarar gören Türkiye, terörizmin acılarını en iyi anlayabilecek ülkelerin başında gelmektedir. Bu durum, Türkiye'yi aynı zamanda terörizmle en etkin biçimde savaşan ülkeler arasına sokmuştur. Türkiye, terörizmin sınır tanımadığını, terörizme karşı savaşımda uluslararası işbirliğinin gerekli olduğunu yıllardır uluslararası topluma anlatmaya çalışmaktadır. Terörizmin çağımızın vebası haline gelmesinde "beni sokmayan yılan bin yaşasın" anlayışının önemli bir rolü olduğunu üzülerek belirtmek isterim.

11 Eylül'de gerçekleşen terörist saldırılar dâhil birçok acı tecrübe, terörizmle kararlı biçimde ve işbirliğini ön plana çıkararak savaşım verilmesinin kaçınılmazlığını ortaya koymuştur. Yaşadığımız olaylar, bizlere, terörizmin herhangi bir coğrafya ile sınırlı olmadığını, herhangi bir kültüre veya uygarlığa mal edilemeyeceğini göstermiştir. Terörizmin mazereti ve gerekçesi olamaz. İnsanın en temel hakkı olan yaşama hakkına karşı bir eylem olarak ortaya çıkan terörizm, en ağır insan hakları ihlalidir. Terörizmle savaşımda, insan haklarının temel ölçütlerinin ve hukuk devleti ilkelerinin gözetilmesi de önem taşımaktadır.

Bugün imzalayacağımız Almatı Senedinde terörizmle ilgili olarak yer alan hükümlere ek olarak, terörizmin ortadan kaldırılması ve uygarlıklar arası diyalog konusunda bildirge yayımlamamız bu toplantıya ayrı bir anlam kazandırmaktadır.

Farklı kültürlere ve siyasal yapılara sahip ülkelerin temsil edildiği bu konferans, terörizme karşı küresel savaşımın belirli kültür, din veya ulusları hedef alan bir saptırmaya dönüşmemesi amacıyla uluslararası topluma çağrıda bulunmak için çok uygun bir forum oluşturmaktadır. Bu fırsattan yararlanarak, tüm kültürlerin ve uygarlıkların el ele vererek terörizmi ortadan kaldırabileceğine olan inancımı da sizlerle paylaşmak istiyorum.

Asya'da İşbirliği ve Güven Artırıcı Önlemler Konferansı oluşumunu on yıl süreyle inançla işleyen, bu sürecin anlamlı bir belge kabul edilmesi ve bildiri yayımlanmasıyla yeni bir aşamaya gelmesini sağlayan Kazakistan Cumhurbaşkanı, değerli dostum, Sayın Nazarbayev'e, bu konferansın düzenlenmesinde emeği geçen tüm Kazak yetkililerine içtenlikle teşekkür eder, konferansa katılan ülkelerin başkanlarına, başbakanlarına ve diğer temsilcilerine esenlikler dilerim.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Қарулы күштері академиясында сөйлеген сөзі

2003 жылғы 21 мамыр, Ыстамбұл

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өткен он жылдық кезең, бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының өз мемлекеттігін қалыптастыру тұрғысынан алғанда, оңай болған жоқ. Бұл мерзім бүкіл әлем үшін де өте күрделі болды. Екінші Дүние жүзілік соғыстан кейін әлемдегі қауіпсіздік мәселелері жайында қалыптасқан үйреншікті ұғымдар өзгеріп, жер шары халықаралық терроризм, діни экстремизм, есірткі дерті секілді заманымыздың ғаламдық күрделі проблемаларына тап болды.

Мен осы күрделі құбылыстар туралы сөз қозғай отырып, Еуразияда жүріп жатқан үрдістерді, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері туралы кейбір ойларымды Сіздермен бөлісуді жөн көрдім.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылған тақырып – қауіпсіздіктің ғаламдық проблемаларына Орталық Азия аймағынан, яғни, әлемдік геосаясатта әзірге өзінің қалыптасу белесінен өтіп жатқан жаңа аймақтан өзіндік көзқарас.

Орталық Азия мемлекеттері алдында аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру үшін айтарлықтай күш-жігер жұмылдырып, оның тұрақты дамуына бірлесе отырып тиісті шарттарды қалыптастыру міндеті тұр. Бұл қазіргі уақыт талап етіп отырған маңызды мәселе.

Сонымен қатар, жаңа ғасырда қалыптасып жатқан ғаламдық қауіпсіздік жүйесі шеңберінде Орталық Азияның орны мен мәртебесін анықтаудың маңызы зор. Бұл мәселе бойынша нақты айқындықтың болмауы біздің аймағымыздың тұрақты дамуына байланысты ортақ стратегияның жүйеленуіне қиындық туғызады.

XXI ғасырдың алғашқы он жылдығын, яғни 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейінгі мерзімді, өте күрделі және бұған қоса сындарлы да кезең болады деп бағалаймын.

Жаңа ғасырдағы әлемдік өркениет дамуын анықтайтын принципті негіздер дәл осы кезеңде қалыптасу үстінде.

Осы он жылдық қарама-қайшы үрдістермен ерекшеленеді және олардың көпшілігі ғаламдық немесе аймақтық сипатқа ие.

Бұл үрдістер жер шарының бүтіндей аймақтарында ғана емес, жекелеген елдердегі ахуалдың дамуына анықтаушы болмаса да, өте үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Мұны Орталық Азия мен осы аймақтың елдеріне қатысты да айтуға болады.

Осы орайда, мен қозғап отырған тақырыптарды Орталық Азия қауымдастығында аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары туралы кең ауқымды пікірталас үшін бастапқы нүкте ретінде қарастыруға болар еді.

Бүгінгі таңда Таяу Шығыста, Ирак төңірегінде, Шешенстанда, Кашмирде және Солтүстік Кореяда болып жатқан оқиғалар — саяси, идеологиялық, экономикалық тұрғыдағы патентті соғыс ахуалы болып табылады. Әлемдік қауымдастық бұл проблемаларды шешуде тығырыққа тірелгендей болуда. Назар аударатын жайт, бұл қарама-қарсылықты бағалауда бірден бөліп айтатын «жақсы және жаман» деген

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Harp Akademileri Komutanlığı'nda yaptığı konuşma

21 Mayıs 2003, İstanbul

Saygıdeğer hanımefendiler ve beyefendiler!

Geçmiş on yıllık dönem, eski Sovyetler Birliği cumhuriyetlerinin birliğinin kurumsallaşması bakımından alındığında, kolay olmadı. Bu süre bütün dünya için de çok çetin oldu. İkinci Dünya Savaşından sonra dünyadaki güvenlik meseleleri hakkında alışılagelmiş kavramlar değişti, bütün dünya uluslar arası terörizm, dini aşırıcılık, uyuşturucu derdi gibi zamanımızın küresel karmaşık problemleriyle karşılaştı.

Ben bu karmaşık olaylar hakkında konuşarak, Avrasya'da devam eden süreçlere, küresel ve bölgesel güvenliğin sağlanması yükümlülüklerine ilişkin bazı düşüncelerimi Sizlerle paylaşmayı uygun gördüm.

Sizin dikkatinize sunulan içerik, güvenliğin küresel sorunlarına Merkezi Asya bölgesinin, yani, küresel jeopolitikada şimdilik kendi kurumsallaşma sürecinden geçen yeni bölgenin kendince bakışıdır.

Merkezi Asya devletleri önünde bölgesel güvenliğin elverişli sistemini kurmak için, dikkate değer güç ve irade gösterip, onun istikrarlı gelişmesi için, birlikte gerekli şartları oluşturma yükümlülüğü durmaktadır. Bu şimdiki dönemin ihtiyacı olan önemli konudur.

Onunla birlikte, yeni asırda oluşan küresel güvenlik sistemi dairesinde Merkezi Asya'nın yeri ile statüsünü belirlemenin önemi büyüktür. Bu mesele konusunda net açıklığın olmaması bizim bölgemizin istikrarlı gelişmesine ilişkin ortak stratejinin sistematikleşmesini zora sokmaktadır.

XXI. y.y.'ın ilk on yılının, yani 11 Eylül 2001 olayından sonraki dönemin çok zor ve bir o kadar da kritik bir dönem olacağı kanaatindeyim.

Yeni yüzyılda dünya uygarlığının gelişimini belirleyici temel ilkeler tam bu dönemde şekilleniyor.

Bu on yıllık dönem, birbirine zıt süreçlerle ayrıcalıklanacak ve bunların büyük çoğunluğu küresel veya bölgesel özelliğe sahip olacak.

Bu süreçler, yeryüzünün sadece bütüncül bölgelerinde değil, tecrit edilmiş ülkelerindeki durumun gelişmesinde de, belirleyici olmasa da, şüphesiz çok büyük etki edecek.

Bunu, Merkezi Asya ile bu bölgenin ülkelerine ilişkin olarak da söyleyebiliriz.

Bu bağlamda, benim ele aldığım konulara, Merkezi Asya topluluğunda bölgesel güvenliği sağlayacak yollar hakkındaki geniş kapsamlı beyin fırtınası için başlangıç noktası olarak bakılabilir idi.

Günümüzde Ortadoğu'da, Irak çevresinde, Çeçenistan'da, Keşmir'de ve Kuzey Kore'de gerçekleşen olaylar; siyasi, ideolojik, ekonomik açıdan patentli savaş durumu olarak bulunmaktadır. Küresel toplum bu problemleri çözmede çıkmaza girmiş gibidir. Dikkat edilecek husus, bu karşıtlığı değerlendirmekte birden söylenebilecek "iyi ve kötü" kavramları yok, yani sorumluluk çatışmanın tüm katılımcılarına birlikte yüklenmektedir.

Günümüzde, Avrasya bölgesindeki Hazar havzasının önemi küresel jeopolitikada öne çıkıyor. Hazar havzası, birilerinin düşüncesine göre, yeryüzünün eş-

ұғым жоқ, яғни жауапкершілік шиеленістің барлық қатысушыларына бірдей жүктеледі.

Бүгінгі таңда Еуразия кеңістігінде Каспий аймағының маңызы әлемдік геосаясатта алдыңғы қатарға шығып отыр. Каспий аймағы, біреулердің пікірінше, жер шарының теңдесі жоқ энергетикалық және биологиялық «қоймасы» болып табылса, басқалары Кавказ, Орта Шығыс, Ресей және Орталық Азия түйіскен шекаралық аймақ деген анықтама беруде. Яғни, тиісінше, ислам, христиан және буддизм өркениеттерінің табиғи шекарасы болып табылады.

Енді біреулері Каспий аймағын - «Үлкен Орталық Азия» деп атап, оның аумағына Еуразияның ішкі кеңістігін кіргізуде.

Ал, енді кейбір сарыуайымшыл көзқарастағылардың пайымдауынша, Каспий өңірі сонау Солтүстік Африкадан бастап, Балқан, Таяу Шығыс, Кавказ, Ауғанстан, Кашмир арқылы Оңтүстік-шығыс Азияға дейін созылып жатқан үлкен ғаламдық «тұрақсыздық белдеуінің» солтүстік бөлшегі болып табылады.

Бірақ, менің ойымша, қалай болған күнде де, Каспий – Еуразиялық экономиканың әлі даму үстіндегі бөлігі. Таяу Шығыс елдерінен тәуелділікті бәсеңдетуге тырысқан Батыс елдері Каспий мұнайы мен газы есебінен өздерінің энергетикалық тұтынымдарын одан әрі кеңейтуге мүдделі.

Өз кезегінде, энергетика қуатынан тапшылық көріп отырған Түркия үшін Каспийден өз аумағына қарай құбыр тарту (Баку-Тбилиси-Жейхан) өте тиімді болып отыр. Каспий мұнайын шығысқа қарай тасымалдауға Қытай да жіті көңіл бөлуде.

Дегенмен, бүгінгі таңда Каспий аймағының қауіпсіздігі мәселесі аса маңызды сипатқа ие болып шықты. Жағалау мемлекеттері арасында теңіздің мәртебесі жөнінде ортақ шешімге келе алмауы, өкінішке орай, жанжалдардың туындауына негіз болуда.

Бұл орайда 2001 жылы Әзербайжан мен Иранның арасында орын алған теке-тірес айқын мысал бола алады. Сонымен қатар Әзербайжан мен Түркіменстан арасында да Каспий үшін келісе алмаған аумақтық дау-дамайлар бар.

Осының бәрі белсенді бейбіт бастамасыз аймақ елдерінің бір-біріне жақындасу үрдісін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей отыр. Осы орайда, «Каспийдегі тұрақтылық пакті» идеясын жүзеге асыру міндеті туындауда.

Оның ең негізгі түйіні - Каспий теңізінде әскери күш қолдану әдісінен бас тарту болар еді. Осыған ұқсас бастаманы (Кавказдағы тұрақтылық пактісі) кезінде Түркияның бұрынғы Президенті С.Демирел айтқан болатын. Қауіпсіздік ұғымында тек әскери-саяси түсінік қана қалыптаспай, сонымен қатар, бәлкім, ең маңыздысы, Каспийдің экологиялық қауіпсіздігіне де жіті көңіл бөлген жөн.

Бұл тәрізді Пактіге Каспий өңіріндегі және оған жақын аумақтағы барлық мемлекеттер, соның ішінде Түркия да қосылар еді деген сенімдемін. Өйткені, Түркия аумағы Каспий өңірі мен басқа аймақтарды (Таяу Шығыс, Балқан түбегі секілді) жалғайтын өзіндік «көпір» іспеттес болып табылады. Бұл жерде әңгіме тек энергетикалық бағыттар тұрғысында ғана болып тұрған жоқ.

Бүгінгі таңда «ұжымдық қауіпсіздік» ұғымы егемен елдердің сыртқы саясатында күнделікті қолданылатын терминге айналды.

Бұл бағытта ТМД елдері арасында құрылған Ұжымдық қауіпсіздік шартының (ҰҚШ) бұрынғы кеңестік кеңістікте әскери шиеленістерді болдырмау тұрғысында, яғни «екінші Балқанның» тууына жол бергізбеу тұрғысында айтарлықтай маңызы бар. Сонымен қатар аймақтық қауіпсіздікті сақтауда Шанхай ынтымақтастығы ұйымының да (ШЫҰ) болашағы зор.

Аталмыш екі әскери-саяси одақ аймақтық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Жалпы алғанда, Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігі ең бірінші кезекте АҚШ-Ресей-Қытай үшбұрышындағы қарым-қатынасқа байланысты. Бұған қоса, аймақтағы геосаяси ахуалға Еуропа Одағы, Түркия және Ислам елдерінің ықпалын жоққа шығаруға болмайды.

Орталық Азия елдерінің, соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алғаш таныған бауырлас Түркияны, сонымен қатар бұл жаңа елдердің әлемдік қауымдастыққа етене кірігуіне және түрліше халықаралық институттардың осы уақытқа дейін бізге барынша саяси қолдау көрсетіп келе жатқанын үлкен ризашылықпен атап өткім келеді.

Түркияның Еуропа Одағына кіру жолындағы әрекеттерін толығымен қолдай отырып, біз Еуропамен тығыз ықпалдасқан қуатты және зайырлы Түркия Қазақстанның, сондай-ақ бүкіл түркі әлемінің мүдделеріне сай келеді деген нық сенімдеміз.

siz enerji ve biyolojik varlık "deposu" iken, kimileri Kafkasya, Ortadoğu, Rusya ve Merkezi Asya'nın kesişen sınır bölgesi olarak tanımlıyor. Yani, uygun biçimde, İslamiyet, Hıristiyanlık ve Budizm uygarlıklarının doğal sınırı olarak görülmektedir.

Şimdi birileri Hazar havzasını "Büyük Merkezi Asya" diye adlandırıp, onun kapsamına Avrasya'nın iç bölgelerini dâhil etmektedir.

Ya, şimdi kimi kaygılı-karamsar görüştekilerin kavrayışıyla, Hazar bölgesi ta Kuzey Afrika'dan başlayıp, Balkanlar, Ortadoğu, Kafkasya, Afganistan, Keşmir üzerinden Güneydoğu Asya'ya değin uzayıp giden büyük küresel "istikrarsızlık kuşağının" kuzey bölgesi olarak bulunmaktadır.

Fakat benim düşünceme göre, içinde bulunduğumuz dönemde, Hazar, Avrasya ekonomisinin hala kalkınmakta olan bölümüdür. Ortadoğu ülkelerine olan bağımlılıklarını azaltmaya çalışan Batılı ülkeler, enerji ihtiyaçlarını daha çok Hazar petrolü ve gazı ile karşılamak istemektedir.

Sırası geldiğinde, enerji kaynakları konusunda sıkıntı yaşayan Türkiye için Hazar'dan kendi bölgesine doğru boru hattı çekmek (Bakü-Tiflis-Ceyhan) çok yararlı olur. Hazar petrolünü doğuya doğru taşımaya Çin de cesaretle ilgi göstermektedir.

Demekle beraber, günümüzde Hazar bölgesinin güvenliği meselesi çok önemli niteliğe bürünmüştür. Kıyıdaş devletlerarasında denizin statüsü yönünde ortak karar alınamayışı, ne yazık ki, çatışmaların ortaya çıkmasına zemin olmakta.

Bu bağlamda, 2001 yılında, Azerbaycan ile İran arasında yaşanan gerilim bunun açık örneği olabilir. Bununla birlikte Azerbaycan ile Türkmenistan arasında da Hazar için üzerinde anlaşılamayan bölgesel münakaşalar var.

Bütün bunlar etkin barışa, girişimsiz bölge ülkelerinin birbirine yakınlaşma sürecini sağlamaya engel oluyor. Bu bağlamda, "Hazar'da İstikrar Paktı" düşüncesini gerçekleştirme yükümlülüğü doğmaktadır.

Bunun en temel düğümü, Hazar denizinde askeri güç kullanma yönteminden vazgeçmek olur idi. Buna benzer girişimi (Kafkasya'daki İstikrar Paktı) zamanında Türkiye'nin eski Cumhurbaşkanı S. Demirel söylemişti. Güvenlik kavramıyla sadece askeri-siyasi anlayışa değil, onunla birlikte, belki, daha önemlisi, Hazar'ın ekolojik güvenliğine de ilgi gösterilmesi doğru olur.

Bu tarzdaki Pakt'a Hazar bölgesindeki ve ona yakın yerlerdeki bütün devletler, onlardan biri olarak Türkiye'de dâhil olur inancındayım. Çünkü Türkiye bölgesi Hazar havzası ile başka bölgeleri (Orta Doğu, Balkan yarımadası gibi) bağlayan kendince "köprü" benzeri olarak bulunmaktadır. Burada konuşma sadece enerji yolları konusunda yapılmamaktadır.

Günümüzde "Kolektif Güvenlik" kavramı egemen ülkelerin dış siyasetinde gündelik kullanılan terime dönüştü.

Bu yönde BDT ülkeleri arasında kurulan Kolektif Güvenlik Anlaşması Örgütü'nün (KGAÖ) eski Sovyet bölgesinde askeri gerilimi önleme açısından, yani "ikinci bir Balkanlar'ın" ortaya çıkmasına yol vermemek açısından sözü edilecek kadar önemi var. Bunun yanı sıra bölgesel güvenliğin korunmasında Şanghay İşbirliği Örgütü'nün de (ŞİÖ) gelecekteki rolü büyük.

Belirtilen iki askeri-siyasi kuruluş bölgesel güvenlik sisteminde önemli rol gerçekleştirmektedir.

Genel olarak, Merkezi Asya'nın bölgesel güvenliği, öncelikle ABD-Rusya-Çin üçgenindeki ilişkilere bağlıdır. Buna ek olarak, bölgedeki jeopolitik duruma Avrupa Birliği, Türkiye ve İslam ülkelerinin yakınlığını görmezden gelmek olmaz.

Merkezi Asya ülkelerinin, özellikle Kazakistan'ın devlet bağımsızlığını ilk tanıyan kardeş Türkiye'ye, aynı zamanda yeni devletlerin küresel toplumla iç içe girmesine ve çeşitli uluslar arası kurumların bugüne değin bize olabildiğince siyasi destek göstermelerine büyük minnettarlıkla değinmek istiyorum.

Türkiye'nin Avrupa Birliği'ne girme yolundaki çalışmalarını tamamen destekliyoruz, biz, kuvvetli ve laik Türkiye'nin Avrupa ile sıkı yakınlaşmasının Kazakistan'ın, aynı şekilde, bütün Türk dünyasının çıkarlarına uygun olacağı inancındayız.

Fakat Türkiye'nin Avrupa Birliği ile sürecini devam ettirmesiyle birlikte, Avrasya bölgesindeki kardeş Türk dili konuşan devletlerle de iletişimini geliştirmesi doğru olur sanıyorum.

Bu bağlamda, Türkiye'nin Avrasya bölgesinde Rusya ve diğer BDT ülkeleri ile sıkı siyasi ve ekonomik işbirliği bizim gönlümüzden geçendir. Bu düşüncenin hayata geçirilmesi; taraflar arasındaki karşılıklı

Бірақ Түркия Еуропа Одағы үрдісін жалғастырумен қатар, Еуразия кеңістігіндегі бауырлас түркітілдес мемлекеттермен де байланыстарды дамытқаны жөн деп санаймын.

Осы орайда,Түркияның Еуразия кеңістігінде Ресей және басқа да ТМД елдерімен тығыз саяси және экономикалық байланыстары біздің көңіліміздеп шығып келеді. Бұл идеяның жүзеге асырылуы тараптар арасындағы өзара тиімді сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-энергетикалық ынтымақтастықты үдемелі түрде дамытуға түрткі болып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі ғаламдану үрдісі заманында ұланғайыр Еуразия кеңістігінде қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауға игі әсерін тигізетіні сөзсіз.

Менің пайымдауымша, ғаламдық қатерлердің ауқымдылығы орын алған проблемаларды шешудің жолдарын іздестіру мен пысықтауда бүкіл әлемдік қауымдастықтан ғана емес, жекелеген мемлекеттерден де аса үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Бүгінгі таңда жер шарының әр аумағының тұрақтылығын жалпы жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аса маңызды факторы ретінде қарастырған жөн.

Қақтығыстар мен кикілжіңдердің шығу төркіндерін саралап қарасақ, бүгінгі заманғы өзық та өзбыр қаруланған қара ниетті топтармен күрес жүргізу өте күрделі. Бұл жан-жақты ойластыруды қажет етеді.

Осы орайда менің жарлығым бойынша Қазақстан Қарулы Күштерінің үш текті құрылымы түзілді: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы әскери күштері және Әскери-теңіз күштері. Жаңа құрылым – Штаб бастықтырының комитеті құрылды.

Енді Қазақстандағы барлық әскери басқару құрылымдары жоғарыдан төменгі әскери күштерге дейін сыртқы саясаттың сындарлы және уақыт талабына сай бағыттары бойынша қимыл жасайтын болады.

Осындай жолмен ғана біз қазіргі заман мен болашағымыздың қиын-қыстау қатерлеріне бірлесе отырып, тиісті әрі тиімді тосқауыл қоя аламыз.

Аталмыш қатерлермен байланысты проблемаларды шешу халықаралық қауымдастықтың, ең алдымен түрлі елдер үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың күш жұмылдыруын қажет етеді.

Бұл қандай қатерлер?

Ең алдымен, бұған іс жүзінде жер шарының барлық аймақтарында байқалып отырған террористік белсенділіктің артуын жатқызуға болады.

Бұған төмендегідей деректер дәлел бола алады. Тек 2002 жылы 5000-нан астам адам террористердің құрбаны болды. Бұл сан 2001 жылдан анағұрлым көп.

Бүгінгі таңда терроризмнің ұйымдасқан құрылымы бар. Осы орайда, бүкіл әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін біріктіру арқылы ғана аумақтық, аймақтық және халықаралық терроризммен тиімді күрес жүргізуге болады.

11 қыркүйек трагедиясы әлемге бұрын-соңды болмаған соғыстың жаңа түрін – «ассиметриялық» соғысты алып келді. Жүйелі әскері жоқ экстерриториялық «әл-Каида» сияқты террористік ұйым мен АҚШ сияқты әлемдік держава арасындағы жағдай бүкіл әлем жұртшылығын қатты алаңдатады.

Осылайша халықаралық терроризм деген жаңа зұлмат күш бүкіл дүниеге қатер төндіруде.

Терроризммен күресу лаңкес ұйымдарға әскери тойтарыс берумен ғана шектелмей, сонымен қатар түрлі елдердің арасындағы экономикалық теңсіздікті, кедейлік проблемасын шешуді көздеуі тиіс.

2002 жылы Йоханнесбургте өткен Халықаралық тұрақтылық саммиті кезінде мен әлемдегі теңсіздік туралы мәселе көтерген болатынмын. Бүгінгі таңда 200 миллионнан астам адам кедейлік деңгейінен төмен дәрежеде күй кешуде, жыл сайын 40 миллион бала аштықтан қаза болады.

Егер жұмыссыздықтан әбден титыққан кедей адамға бір қолына нан, екінші қолына автомат берсе, ол соғысуға мәжбүр.

Алайда кейбір Батыс Еуропа лидерлері бұл басты себеп емес дейді. Яғни, мәселен, Бен Ладен бай адам болса да,терроризммен айналысады. Бұл рас , бірақ ол кедей адамның қолына автомат алу үшін ақша беріп отыр ғой. Меніңше, дүние жүзіндегі жұртшылық осыған назар аударуы керек.

Бұл бағытта Шанхай ынтымақтастығы ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес тәрізді аймақтық құрылымдар мен форумдардың шеңберінде ынтымақтасудың маңызы зор.

Ғаламдық қауіпсіздікке қарсы келесі қатер түрі – діни негізге сүйенген экстремизм мен дінаралық төзімсіздік көріністерінің бой көтеруі.

Бүгінгі таңда бұндай келеңсіз құбылысты ис-

elverişli ticari, ekonomik, yatırım, taşımacılık, enerji işbirliğini devamlı şekilde geliştirmekle kalmayacak, onunla birlikte şimdiki küreselleşme süreci döneminde hudutsuz Avrasya bölgesinde, şüphesiz, güvenlik ile istikrarı korumaya hayırlı tesirini gösterecektir.

Benim kavrayışıma göre, küresel sorunların kapsamlılığı, yer alan problemlerin çözüm yollarının araştırılması ve uygulanması, sadece bütünleşen küresel toplumdan değil, tecrit edilen devletlerden de çok büyük sorumluluk beklemektedir.

Günümüzde yeryüzünün her bölgesinin istikrarını, genel küresel güvenliği sağlamanın çok önemli unsuru olarak görmek doğru olur.

Çatışma ve ihtilafların çıkış kaynağını incelediğimizde, bugünkü dönemde modern ve güçlü silahlarla donanmış kötü niyetli gruplarla mücadele etmenin çok çetin olduğu, detaylı düşünmeyi gerektirdiği görülmektedir.

Bu bağlamda, talimatım gereği, Kazakistan Silahlı Kuvvetlerinin üç farklı unsuru teşkil edilmiştir. Bunlar: Kara Kuvvetleri, Hava Savunma Kuvvetleri ve Deniz Kuvvetleridir. Yeni kurulan bir yapı da Karargâh Komutanları Komitesi'dir.

Artık, Kazakistan'daki bütün askeri yönetim kuruluşları, en üstten en aşağıdaki askeri güçlere değin, dış politikanın kritik ve zamanın ihtiyaçlarına uygun programlarına göre hareket edecektir.

Ancak böyle bir yolla, biz günümüzün ve geleceğin tehlikeli tehditlerine karşı, birleşerek gerekli ve uygun önlemleri alabiliriz.

Söz konusu tehditlerle ilgili sorunları çözmek uluslar arası toplumun, öncelikle çeşitli ülkelerin hükümetleri ile uluslar arası kuruluşların güç sarf etmesini gerektirmektedir.

Bu tehditler nelerdir?

Öncelikle, buna faal olarak yeryüzünün bütün bölgelerinde görülen terörist etkinliklerin artışını dâhil edebiliriz.

Buna aşağıdaki gibi veriler delil olabilir. Sadece 2002 yılında 5000'den fazla kişi teröristlerin kurbanı oldu. Bu sayı 2001 yılından daha çoktur.

Günümüzde terörizmin yapılaşmış örgütü var. Bu bağlamda, sadece bütün küresel toplumun güç ve gayretini bir araya getirmesiyle yerel, bölgesel ve uluslar arası terörizm ile etkin mücadele yürütülebilir.

11 Eylül trajedisi, dünyada daha önce eşi benzeri görülmemiş savaşın yeni bir türünü, "asimetrik savaşı" ortaya çıkarmıştır. Sistematik ordusu, yerleşik alanı olmayan El Kaide gibi bir terör örgütü ile ABD gibi büyük bir devlet arasında yaşanan durum tüm dünyayı endişelendirmektedir.

Böylelikle yeni bir tehlikeli güç -uluslararası terörizm- bütün dünyayı tehdit etmektedir.

Terörizmle mücadele, sadece terör örgütlerine karşı askeri müdahaleyle sınırlı kalmamalı, aynı zamanda farklı ülkeler arasındaki ekonomik eşitsizliği ve yoksulluk sorunlarını çözmelidir.

2002'de Johannesburg'da gerçekleşen "Dünya Sürdürülebilir Kalkınma Zirvesi" kapsamında dünyadaki eşitsizliği gündeme getirmiştim. Günümüzde 200 milyondan fazla insan yoksulluk sınırı altında yaşamakta olup, her yıl 40 milyon çocuk açlıktan hayatını kaybetmektedir.

İşsizlikten bitkin düşen fakir insanın bir eline ekmek, bir eline silah verilirse, o savaşmak zorunda kalacaktır.

Ancak, bazı Batı Avrupa liderlerine göre sorunun esas nedeni bu değildir. Yani, mesela Bin Laden zengin bir insan olsa da, terörizmle uğraşmaktadır. Bu doğru, ancak o, fakirlerin eline silah almaları için para verenlerdendir. Bana göre, dünya kamuoyu bu konuya dikkat etmelidir.

Bu yolda Şanghay İşbirliği Örgütü, Asya'da İşbirliği ve Güven Arttırıcı Önlemler Konferansı gibi bölgesel kuruluşlar ile forumlar çerçevesinde işbirliğinin önemi büyüktür.

Küresel güvenlik için tehdit olan bir başka unsur dine dayalı aşırıcılık ve dinler arası hoşgörüsüzlüğün ortaya çıkmasıdır.

Günümüzde bunun gibi olumsuz bir olayı İslamiyet'le ilişkilendirme eğilimi artmaktadır. İşin aslında, bütün dinler, içeriğine göre, barış ve karşılıklı hoşgörü ile insanlığa davet etmektedir. İslam kelimesinin içeriğinde "itaat etmek", "barış" kavramları bulunmaktadır.

Ne yazık ki, küresel dinlerden biri olan İslam'ı, erkenci birileri aşırıcılık ve terörizmin fikri temeli olarak sunmaya çabalamaktadır.

Bu imansız ve sorumsuz insanlar tarafından söylenenler tamamen yanlıştır.

лам дінімен байланыстыру тенденциясы етек алуда. Шын мәнісіне келгенде, кез келген дін өз мазмұны бойынша бейбітсүйгіш және өзара төзімділік пен адамгершілікке шақырады. Ислам деген сөздің мазмұнында «мойынсұну, бейбітшілік» деген ұғым жатыр.

Өкінішке орай, әлемдік діндердің бірі болып табылатын исламды кейбіреулер экстремизм мен терроризмнің идеялық негіздемесі ретінде көрсетуге тырысуда.

Бұл имансыз әрі жауапкершілігі жоқ адамдар тарапынан айтылып жүрген мүлдем жаңсақ ұғым.

Керісінше, бүгінгі таңда, салауатты қоғамда дін ұлттық және мәдени бірлікті бітістіруші маңызды факторға айналуда.

Осы орайда, көне Түркістан жерінің түлегі, барлық түріктердің рухани бабасы, суфизмнің, былайша айтқанда «түркі исламының» негізін қалаушы — Қожа Ахмет Ясауидің адамдарды төзімділікке, гуманизмге үндеуі күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ деп ойлаймын.

Сонымен қатар, бұл проблеманы қарастырғанда қазіргі діни шиеленістердің негізінде әлеуметтік - экономикалық және саяси қайшылықтардың жатқаны кей кезде назардан тыс қалады.

Бұны еңсеруде жанжалдасушы тараптардың арасындағы сындарлы диалог тәсілін қолдану бұл қатердің әлеуетін едәуір әлсіретуге мүмкіндік берер еді. Адамзат тарихы, сондай-ақ бүгінгі таңдағы үрдістер айқын аңғартқанындай, түрліше мәдениеттер мен өркениеттер бейбіт қатар өмір сүруге қақылы.

Осының айқын айғағын Қазақстан тәрізді унитарлы мемлекетте 120-дан астам ұлттың және 40-қа жуық дін өкілдерінің тату-тәтті ынтымақтастықта өмір сүріп жатқанынан көруге болады.

Халықаралық қауымдастық Қазақстанның бұл саладағы өнегелі тәжірибесін мойындады.

Осы орайда, үстіміздегі жылғы ақпанда Алматыда бірінші халықаралық бейбітшілік пен татулық конференциясының өткізілуі де жайдан-жай емес. Бұл конференцияның мақсаты, бір жарым жылдай бұрын Ыстамбұлда Түркия үкіметінің бастамасымен өткізілген ИКҰ - ЕО сыртқы істер министрлері форумының идеясымен үндес, яғни діни негіздегі қандай да бір түсінбеушілікті немесе шиеленісті болдырмауға бағытталады.

Ханымдар мен мырзалар!

Біздің планетамыз үшін есірткі саудасының бүгінгі таңдағы ауқымдылығы да айтарлықтай қатер төндіріп жатқаны рас.

Қазіргі кезде, үшінші мыңжылдықтың табалдырығында, жер шарының 142 миллионға жуық тұрғыны жүйелі түрде есірткі тұтынады. 30 миллионнан астам адам - синтетикалық есірткінің, 13 миллиондай адам - кокаиннің және 8 миллион адам - героиннің ықпалында. Ал есірткі өндіру мен тұтынудың әлемдік мөлшері жылдан жылға арта түсуде.

Бүгінгі таңда анық болған ақиқат, бірде-бір мемлекет халықаралық ауқымға шыққан есірткі қылмысымен жеке дара күресе алмайды. Аталмыш салада көп жақты ынтымақтастықты үнемі арттырып отыру керек. Бұл жағдай есірткі транзиті сипатында қолданылатын аймақ ретінде Орталық Азия үшін өте маңызды.

Осы орайда, нақты шараларға келетін болсақ, мәселен, Ауғанстан экономикасын «героиндік» бағыттылығынан шығару міндеті тұр. Ауған проблемасының халықаралық ауқымда шешілуі қажеттілігі жөнінде мен 2000 жылы БҰҰ-ның мыңжылдық саммиті кезінде айтқан болатынмын. 20 жыл бойы соғыстан көз ашпай келген бұл ел «талибан» режимінен құтқарылса да, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалы оңалды деп айта алмаймыз.

Ханымдар мен мырзалар!

Еліміздің егемендікке қол жеткізгеннен бергі ең қиын-қыстау жылдарының өзінде біз халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға тырысып келдік.

Қазақстанда саяси реформалар мен демократиялық үрдісті ілгерілетуді тоқтатпадық. Соңғы жылдары еліміздің экономикасында қол жеткізген табыстар Қазақстан саяси жүйесін одан әрі либерализациялауға мүмкіндік туғызуда. Менің Қазақстан халқына арналған биылғы Жолдауымда елдегі саяси реформалар бағдарламасы бес басым бағытта шоғырланды:

- Мемлекеттік басқару жүйесін жаңаландыру, яғни жергілікті билік органдарының рөлін көтеру, олардың сайлану тәжірибесін кеңейту.

- Сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау туралы жаңа заңды қабылдап, жаңаша сайлау процедураларын енгізу, бәсекелестікті арттыру.

- Азаматтық қоғам институттарын, бірінші кезекте саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдарды әрі қарай нығайту.

Aksine, günümüzde sağlıklı toplumlarda din, milli ve kültürel birlik sağlanmasında önemli bir faktöre dönüşmektedir.

Bu bağlamda, kadim Türkistan topraklarında doğan, bütün Türklerin manevi atası, sofizmin, daha doğrusu "Türk İslamı'nın" temelini oluşturan Hoca Ahmet Yesevi'nin insanları hoşgörüye, hümanizme çağrısı bugüne kadar önemini yitirmiş değil diye düşünüyorum.

Ayrıca, bu sorunu değerlendirirken, mevcut dini gerilimin temelinde sosyo-ekonomik ve siyasi çelişkilerin bulunduğu bazen dikkatlerden kaçmaktadır.

Bunun üstesinden gelmek için, çatışan taraflar arasında kritik diyalog yönteminin kullanılması, bu tehlikenin potansiyelini olabildiğince azaltmaya imkân verecektir. İnsanlık tarihinin, ayrıca günümüzdeki süreçlerin aleni fark ettirdiği gibi, çeşitli kültür ve uygarlıklar barış içinde yaşama hakkına sahiptir.

Bunun somut örneğini, Kazakistan gibi üniter bir devlette 120'den fazla ulusun ve 40'a yakın din mensuplarının uyum içinde işbirliğiyle ömür sürmelerinde görebiliriz.

Uluslararası toplum Kazakistan'ın bu alandaki örnek uygulamasını kabul etti.

Bu bağlamda, içinde bulunduğumuz yıl Şubat ayında, Almatı'da 1. Uluslararası Barış ve Dostluk Konferansının gerçekleştirilmesi boşuna değil. Bu Konferansın amacı, bir buçuk yıl kadar önce İstanbul'da Türkiye hükümetinin girişimiyle gerçekleştirilen İİT-AB Dış İşleri Bakanları Forumu'nun amacıyla aynı, yani dini temeldeki her türlü anlaşmazlığı ve çatışmayı önlemeye yöneliktir.

Hanımefendiler ve beyefendiler!

Bizim dünyamız için uyuşturucu ticaretinin günümüzdeki kapsamlılığı da dikkate değer tehdit oluşturmaktadır.

Günümüzde, üçüncü binyılın başlangıcında, dünyanın 142 milyona yakın insanı uyuşturucu kullanmaktadır. 30 milyondan fazla insan sentetik uyuşturucu, 13 milyon kadar insan kokain ve 8 milyon insan eroin bağımlısıdır. Ancak, uyuşturucu üretimi ile tüketiminin küresel oranı yıldan yıla artmaktadır.

Günümüzde açık olan hakikat, herhangi bir devlet uluslar arası ölçeğe çıkan uyuşturucu suçuyla tek başına mücadele edemez. Belirtilen alanda çok taraflı işbirliğini sürekli arttırmak gerek. Bu durum uyuşturucu taşımacılığında kullanılan bölge olarak Merkezi Asya için çok önemlidir.

Bu bağlamda, somut faaliyetlere gelecek olursak, mesela, Afganistan ekonomisini "eroin" yolundan çıkarmak yükümlülüğü var. Afgan probleminin uluslar arası kapsamda çözülmesi gerektiği yolunda ben 2000 yılında BMT'nin Milenyum Zirvesi'nde söylemiştim. 20 yıl boyunca savaştan göz açamayan bu ülke "Taliban" rejiminden kurtarılsa da, onun sosyo-ekonomik durumu düzeldi diye söyleyemeyiz.

Hanımefendiler ve beyefendiler!

Ülkemizin egemenliğe ulaşmasından beri, en sıkıntılı yıllarda, biz halkımızın geçim durumunu iyileştirmeye uğraştık.

Kazakistan'da siyasi reformlar ile demokratik süreci ilerletmeyi durdurmadık. Son yıllarda ülkemizin ekonomisinde ulaşılan başarılar Kazakistan siyasi sisteminin daha da liberalleştirilmesine imkân sağlamaktadır. Benim Kazakistan halkına sunduğum bu yılki "Ulusa Sesleniş" konuşmamda, ülkedeki siyasi reform programı beş öncelikli programa yoğunlaştırıldı:

- Devlet yönetim sistemini yenilemek, yani yerel yönetim organlarının rolünü arttırmak, onların seçilme deneyimini genişletmek,
- Seçim sistemini geliştirmek, seçim konusunda yeni kanun çıkarıp, yeni seçim prosedürleri getirmek, rekabeti arttırmak,
- Sivil toplum kuruluşlarını, öncelikle siyasi partiler ile hükümet dışı kurumları güçlendirmek,
- Kitle haberleşme araçlarının özgürlüğü ile sorumluluğunu daha da geliştirmek,
- Hak arama ve yargı organlarının hizmetlerinde reform yapmak.

Demokrasi, toplumun yatay değil, dikine gerçekleşen ilerleme sürecidir.

Açık toplum halinde, sadece tecrit olan ülke veya bölgenin değil, aynı zamanda bütün dünyanın gelişme yolları konusunda, diyalogun öneminin artacağı bellidir.

Eğer betimleyerek söyleyecek olursak, kapalı toplum demek, ne kadar büyük olursa olsun, sadece demir parmaklık içinde uçma imkânı var demek. Ama açık toplum demek, gökyüzünde özgür yükselebilmek.

- Бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы мен жауапкершілігін одан әрі жетілдіру.

- Құқық қорғау мен сот органдарының қызметін реформалау.

Демократия - қоғамның көлденең емес, тігінен жүзеге асырылатын ілгерілеу үрдісі.

Ашық қоғам жағдайында жекелеген ел немесе аймақ қана емес, сонымен қатар бүкіл әлемнің даму жолдары туралы диалогтың маңыздылығы арта түсетіні белгілі.

Егер әсерлеп айтатын болсақ, жабық қоғам дегеніміз - қанша үлкен болса да, тордың ішінде ғана ұшу мүмкіндігі деген сөз. Ал ашық қоғам болса - аспанда еркін шарықтау.

Біз дайындық кезеңінен қалай өткенімізді келешек ұрпақтар бағалай жатар, бірақ менің батыл түрде айта алатыным: барлық Орталық Азия елдері ішінен бүгінгі таңда Қазақстан әлемдік қауымдастықтың саяси және экономикалық үрдісіне жедел және етене кіруге анағұрлым дайын.

Сондықтан, алдағы он жылдықта әлемді күтіп тұрған ғаламдық қиындықтарды еңсеруге барынша дайынбыз және оны тек әлемдік қауымдастыққа етене кірігу арқылы ғана қамтамасыз ете аламыз.

Қорыта келгенде, мен бұл ізденістерімді Қазақстан, Орталық Азия мен Каспий аймағының, жалпы Еуразияның, сондай-ақ бүкіл әлемнің ғаламдану жағдайындағы тағдыры төңірегіндегі бұқаралық диалогтың бір түрі ретінде қарастырамын.

Ғаламданудың құбылыс ретінде артықшылықтары да, кемшіліктері де көп. Екінші жағынан, біз ғаламдану үрдісі дұрыс па, әлде бұрыс па деп жорамал жасай алмаймыз. Өйткені қоғамдық өмірдің өркениетті жолмен, ал экономиканың либералдық әдіспен дамуынан басқа баламасы жоқ. Бірақ бұл бағытта әр елдің өзіндік тарихи даму ерекшелігін, ұлттық дәстүрлерін назарға алған жөн.

Менің айтайын дегенім, ғаламдану барлық елдер мен халықтарға ортақ және қашып құтылмайтын құбылыс емес.

Яғни, әзірге барлық мемлекеттерді ықпалдасуға ынталандыратын ғаламданудың универсалдық үлгі нысаны жоқ.

Бірақ бұл бағытта бір идеологияның басқаларға үстемдігі сияқты түсініктен қашу керек. Мәселен, біреулер бізде демократия көбірек немесе тұрмыс деңгейі жоғары, сондықтан біздің ережелерге бұлжытпай құлақ асыңдар деулері мүмкін.

Басқалары біздің көне тарихи дәстүріміз және бай философиямыз бар, сондықтан өз бетімізше өмір сүреміз дейді.

Дегенмен, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігу жолындағы негізгі басымдылығы айқын: ұлтымыздың қауіпсіздігі мен мемлекеттілігіміздің сақталуы. Бұрынғы Кеңес Одағы кеңістігіндегі көптеген басқа республикалардан айырмашылығымыз, Қазақстанда ұлттық немесе діни белгіге сүйенген қандай да болмасын қақтығыстар болған жоқ. Бұның басты себебі, қазақ халқының бойында ғасырлар бойы сақталып келген басқа этностарға деген бауырмалдығы, достығы және егемен еліміздегі әлеуметтік-экономикалық ахуалдың ойдағыдай дамуы.

Ханымдар мен мырзалар!

Сөз соңында айтайын дегенім, бүгінгі қозғаған тақырыптар Еуропа мен Азияның тоғысында Таяу Шығыс, Кавказ және Балқан сияқты күрделі аймақтардың арасында орын тепкен Түркия үшін де маңызы бар.

Түркияның ондаған жылдар бойы террористік әрекеттерден, діни экстремизмнен зардап шеккені бізге жақсы мәлім. Бұған қоса, Түркия жері есірткі тасымалдау тұрғысынан алғанда да «амалсыз транзит» аймағына айналып отырғаны да құпия емес.

Яғни, ғаламданудың жақсы жағы да, нашар жағы да Түркия жеріне өз әсерін тигізуде.

Әлемдік тарих, халықаралық тәжірибе көрсеткеніндей, әр мемлекеттің қауіпсіздігі, оның аумақтық бүтіндігі мен егемендігі ұлттық қарулы күштердің әскери әзірлігі мен психологиялық рухына, отаншылдық сезіміне тікелей байланысты.

Сондықтан, мен өзімнің сөзімді бауырлас Түркияның Қарулы күштері Академиясында жасауым тегін емес деп ойлаймын.

Зейін қойып тыңдағандарыңыз үшін көп рахмет!

Bizim hazırlık döneminden nasıl geçtiğimizi gelecek nesiller değerlendirir, fakat ben kesinlikle şunu söyleyebilirim; bütün Merkezi Asya ülkeleri içinde, günümüzde, Kazakistan küresel toplumun siyasi ve ekonomik sürecine çarçabuk ve sımsıkı girmeye esasen hazır.

Dolayısıyla, önümüzdeki on yılda dünyayı bekleyen küresel zorlukların aşılması konusuna tamamen hazırız ve onu sadece küresel toplumla yakın işbirliği sayesinde sağlayabiliriz.

Sonuca gelecek olursak, ben bu arayışlarımızı Kazakistan, Merkezi Asya ile Hazar bölgesinin, genel olarak Avrasya'nın, aynı şekilde bütün dünyanın küreselleşme halindeki kaderi çevresinde kitlesel diyalogun bir türü olarak görüyorum.

Küreselleşmenin olaylar şeklinde artıları da, eksileri de çok. Diğer taraftan, biz küreselleşme süreci doğru mu, yoksa yanlış mı diye yorum yapamayız. Çünkü toplum hayatının uygarlık yoluyla, ekonominin liberal yöntemle kalkınmasından başka alternatifi yok. Fakat bu yolda her ülkenin kendi tarihi gelişme özelliğini, ulusal geleneklerini dikkate almak doğru olur.

Benim söylemek istediğim, küreselleşme bütün ülkeler ve halklar için aynı olan ve kaçıp kurtulamayacağımız olay değil.

Yani, şimdilik bütün devletleri yakınlaşmaya teşvik eden küreselleşmenin evrensel örnek yapısı yok.

Fakat bu yolda bir ideolojinin başkalarına üstünlüğü şeklindeki anlayıştan kaçınmak gerek. Mesela, birileri bizde demokrasi çok veya geçim düzeyi yüksek, dolayısıyla bizim kurallarımıza değiştirmeden uyun diyebilir.

Başka birileri bizim kadim tarihi geleneklerimiz ve zengin dünya görüşümüz var, dolayısıyla kendi bildiğimiz gibi yaşayacağız demektedir.

Demekle birlikte, Kazakistan'ın küresel topluma katılma yolundaki esas önceliği açık; ulusumuzun bağımsızlığı ile devletimizin korunması. Eski Sovyetler Birliği bölgesindeki pek çok diğer cumhuriyetlerden farklılığımız, Kazakistan'da ulusal veya dini özelliklere dayanan herhangi bir çatışma yok. Bunun esas sebebi, Kazak halkının varlığında asırlar boyu korunan diğer etnik toplumlara duyduğu kardeşlik, dostluk ve egemen ülkemizdeki sosyo-ekonomik durumun arzu edildiği gibi kalkınması.

Hanımefendiler ve beyefendiler!

Konuşma sonunda söylemek istediğim, bugün gündeme taşıdığımız konuların, Avrupa ile Asya'nın birleştiği noktada; Orta Doğu, Kafkasya ve Balkanlar gibi karışık bölgeler arasında yer alan Türkiye için de önemi var.

Türkiye'nin, onlarca yıl boyu, terör olayları ile dini aşırıcılıktan çektiği sıkıntıları iyi biliyoruz. Bunun yanı sıra, uyuşturucu trafiği bakımından değerlendirildiğinde de, Türkiye'nin, "mecburi transit" bölgesinde bulunduğu hususu sır değil.

Yani, küreselleşmenin iyi yönü de kötü yönü de Türkiye'yi etkilemektedir.

Dünya tarihinin, uluslararası deneyimin gösterdiği gibi, her devletin güvenliği, sınır bütünlüğü ve egemenliği ulusal silahlı kuvvetlerinin askeri hazırlığına, psikolojik maneviyatına ve vatanseverlik bilincine doğrudan bağlıdır.

Dolayısıyla, konuşmamı kardeş Türkiye'nin Silahlı Kuvvetler Akademisinde yapmış olmam boşuna değil diye düşünüyorum.

Dikkatle dinlediğiniz için çok teşekkür ederim!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияның Сыртқы экономикалық байланыстар агенттігі ұйымдастырған кездесуде сөйлеген сөзі

2003 жылғы 21 мамыр, Ыстамбұл

Ең алдымен осы құрылтайды ұйымдастырған Сыртқы экономикалық қатынастар құрылымы басқару алқасына шексіз алғысымды білдіремін. Еркін пікіралысумен ортақ көзқарас туындайтын осындай кездесулердің біз үшін маңызды екендігіне сенемін. Мен бүгін Түркия Республикасы басшысының шақыруымен ресми сапармен Түркияға келіп отырмын. Біздің ең алғашқы кездесуіміз 1990 жылы марқұм Тұрғыт Өзалмен болған еді. Осы күнге дейін 13 жылдай уақыт өтті. Бүгін Түркияға 14-ші рет келіп отырмын. Менің жүрегім және көңілім қазақ халқының көңілі деп біліңіз.

Біз сіздермен үзілген қатынастарымызды тәуелсіздікті алғаннан кейін ғана жалғастырдық. Біздің тамырымыз, қанымыз бір ұлт екендігімізді білдіру үшін Түркиямен жақындасу мақсатында көптеген жұмыстар атқардық. Біздің экономикамыздың дамуы түрік іскерлерінің назарын аударатынына және тағы да Қазақстанға көп келуін қамтамасыз ететініне сенемін. 1992-1993 жылдары Қазақстан өте үлкен қобалжушылықты бастан кешірді. Ол кездері біздер бір-бірімізді аз таныдық және мен сіздерге Қазақстандағы қиыншылықтарды ашық айттым. Жылдық инфляция көрсеткіші-3000%, айлық 50 % еді. Дүкендеріміз бос, фабрикалар мен өндіріс орындарымыз тоқтап, ал халқымыз болса жұмыссыз қалған еді. Осындай қиын күндерді мен сіздерге бұдан бұрын айтқан болатынмын.

12 жылдан кейінгі қазіргі жағдайымыз тіпті басқа. Біз әлемде реформаларды ең тез жүзеге асырған елміз. 3-4 жыл ішінде экономиканың 80% жекешелендірдік. Бүгін отандастарымның 75% жеке меншік секторларда жұмыс істейді. Егер сырттан келген инвестицияларды адам басына шағатын болсақ, Қазақстан бүгін ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің алдында орын алады. Шұғыл түрде жүзеге асырылған реформалардың арқасында Қазақстан экономикасы (соңғы 4 жыл ішінде) әр жыл сайын 10% өсті. Осыған байланысты біз өткен жылы Еуропа Одағы және АҚШ-тан келген мамандардың берген бағалары бойынша Қазақстан еркін нарық экономикасы дамыған ел болып табылады.

Бүгін біздің қаржыдағы рейтинг көрсеткіштеріміз Ресейден де жоғары. Қазақстанның реформалары ТМД елдерін, оның ішінде Ресей Федерациясын 4-5 жылға артқа қалдырды. Бұл себепке орай біз халықтың материалдық жағдайын түзету бағытын қолға алдық. Біздің қаржы жүйеміз Еуропаның қаржы жүйесіне ұқсас. Қазақстан банктерінің капиталы 7 млрд. АҚШ доллары көлеміне жетті. Біз алғашқы рет зейнет, жалақы реформаларын жүзеге асырдық. Жаңа салық заңын қабылдадық. Сондықтан да екі жыл бұрын біз Халықаралық валюта қорынан алған несиелерімізді 7 жыл ішінде жаптық. Қазір біздің ешқандай қарызымыз жоқ. Қазақстанның сыртқы қарызы жалпы табыстың тек қана 12% құрайды. Бүгін Түркияның осы көрсеткіші, өкінішке орай, 80%. Осыған орай, біз үкімет кепілдігі астындағы несиелерден бас тарттық, енді үкімет несиесі үшін өзі кепілдік бермейді. Ондай уақыттар өтіп кетті.

Қазақстанның экономикасында шикізат экспортын мұнай мен газ кен орындары құрағандықтан,

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türkiye Dış Ekonomik İlişkiler Kurulu'nca düzenlenen toplantıda yaptığı konuşma

21 Mayıs 2003, İstanbul

Öncelikle bu Kurultayı düzenleyen Dış Ekonomik İlişkiler Kurulu Yönetim Kuruluna sonsuz şükranlarımı sunuyorum. Serbest görüş alışverişi ile ortak bakış açısı ortaya çıkaran böyle görüşmelerin bizim açımızdan önemli olduğuna inanıyorum. Ben bugün Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanının davetiyle resmi ziyaret için Türkiye'de bulunuyorum. Bizim ilk görüşmemiz 1990 yılında merhum Turgut Özal ile olmuştu. Bugüne kadar 13 yıla yakın zaman geçti. Bugün Türkiye'ye 14'üncü gelişim. Benim yüreğimi ve gönlümü, Kazak halkının gönlü olarak biliniz.

Sizinle kesintiye uğratılan bağımızı, ancak bağımsızlıktan sonra tekrar devam ettirebildik. Bizim kökü, kanı aynı ulus olduğumuzu belirtmek için Türkiye'yle yakınlaşmak amacıyla pek çok işler yaptık. Bizim ekonomik kalkınmamızın Türk işadamlarının dikkatini çekeceğine ve ayrıca daha fazla yatırım için Kazakistan'a geleceklerine inanıyorum. 1992–1993 yılları arasında Kazakistan büyük zorluklar çekti. Söz konusu dönemde birbirimizi daha az tanıyorduk ve ben de Sizlere Kazakistan'daki zorluklardan açıkça bahsettim. Yıllık enflasyon oranı % 3000, aylık % 50'ye yükselmişti. Dükkânlarımız boş, fabrika ve sanayi tesislerimiz durmuş, halkımız işsizdi. Bu zor günleri ben Sizlere daha önce anlatmıştım.

12 yıl sonraki durumumuz tamamen başka. Biz dünyada, reformları en hızlı gerçekleştiren ülkeyiz. 3–4 yıl içinde ekonominin % 80'ini özelleştirdik. Bugün vatandaşlarımızın % 75'i özel sektörde çalışmaktadır. Eğer yabancı yatırımları kişi başına hesaplayacak olursak, Kazakistan bugün BDT ve Doğu Avrupa ülkelerinin önünde yer almaktadır. Hızla gerçekleştirilen reformlar sayesinde Kazakistan ekonomisi, son 4 yıl içinde, her yıl % 10 büyüdü. Konuyla ilgili, geçen yıl Avrupa Birliği ve ABD'li uzmanların değerlendirmesine göre, Kazakistan, serbest piyasa ekonomisi gelişen ülke olmuştur.

Günümüzde mali yapımızın reytingi Rusya'dan da yüksektir. Kazakistan'da uygulanan reformlar BDT ülkelerini, özellikle Rusya Federasyonunu 4–5 yıl geride bırakmıştır. Bu sebeple biz halkın maddi durumunu yükseltme programını ele aldık. Bizim finans sistemimiz Avrupa finans sistemine benzemektedir. Kazakistan bankalarının sermayesi 7 milyar ABD dolarına ulaştı. Biz ilk kez emekli maaşı, memur maaşlarıyla ilgili reformları gerçekleştirdik. Yeni vergi yasasını kabul ettik. Bu sayede, iki yıl önce, Uluslararası Para Fonundan aldığımız kredileri 7 yıl içinde tamamen ödedik. Şuan herhangi bir borcumuz yok. Kazakistan'ın dış borcu milli gelirin sadece % 12'sini oluşturmaktadır. Bugün Türkiye'nin bu göstergesi, ne yazık ki % 80. Buna bağlı olarak, biz devlet güvencesi altındaki kredilerden vazgeçtik, şuan devlet kredi konusunda garantörlükten vazgeçmiştir. O günler artık geride kaldı.

Kazakistan ekonomisinde hammadde ihracatını petrol ve gaz oluşturduğundan, son zamanlardaki fiyat artışını dikkate alarak, biz petrol ihracat fonu (2,5 milyar dolar değerinde) oluşturduk, gelecek nesil için koruyoruz. Ülkenin mevcut altın ve döviz rezervi altı aylık ithalatı karşılayabilecek kapasitededir. Bu dönemde petrol ve gaz fiyatlarının düşmesiyle,

соңғы кездегі баға артуы себебін ескере отырып, біз мұнай экспорты қорын (бүгінгі көрсеткіш 2,5 млрд. доллар) жинап, болашақ ұрпақ үшін сақтап отырмыз. Қазақстанның бүгінгі алтын және валюта қоры жарты жылдың импортын өтем ете алады. Егер осы кезеңде мұнай мен газ бағалары түсіп, жағдайымыз әлем сауда нарығына түсетін болса, Қазақстанның 3-4 жыл бойы ешқандай өзгеріссіз экономикасының орнықты болуына дайындықтар жасалды. Менің сіздерге айтайын дегенім, біз ескі кезеңнен жаңа кезеңге аяқ бастық, осыны ескере отырып, біз Қазақстанның 2030 жылына дейін даму бағдарламасын жасадық. Бұл бағдарламаның ішінен 10 жылдық жеке бағдарлама дайындадық. Қазір біздің бюджетіміз 3 жылдық бағдарламамен жұмыс жасайтын болды. Өткен жылы Қазақстан бойынша инвестициялардың 60% ішкі инвестициялардан құралды. ТМД елдері ішінде қазақстандықтардың орташа табысы мен зейнетақы көрсеткіштері жоғарғы деңгейде.

Мен шикізат экспортынан өндіріске көшу үшін үкіметіміз дайындаған өнеркәсіп бағдарламасына қол қойдым. Осы бағдарлама шеңберінде, Қазақстан 2015 жылы өзінің ішкі табысын 3,5 есеге көбейтуі керек. Бұл қандай бағдарлама? Бұл бағдарлама біріншіден, мұнаймен газды өндіру, екіншіден, ауыл шаруашылығы өнімдерін дамыту, үшіншіден, халық қолданатын өнімдерді арттыру және төртіншіден, инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Қазақстан үкіметі аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру үшін қаржы қорын құрды және бұл қорды жыл сайын 260 млн. АҚШ доллары көлеміне жеткізу үшін күш жұмсадық. Соңғы жылдардағы экономикалық саладағы дағдарысқа байланысты бұл көрсеткіштер біраз төмендеді, алайда болашағымыз жарқын болатынына сенемін.

Мен бүгін Әскери академияда және біздің ұлы философ, ақынымыз Абай атындағы бастауыш мектепті ашу салтанатында жасаған баяндамалардан соң, маған: «...түркітілдес елдерді жақындату және бір-бірімен туыстық қатынастарын дамыту үшін не жасау керек? - деген сұрақтар қойды. Менің ойымша, ең алдымен экономикалық қатынастарды дамыту қажет. Экономикалық қатынастарымыз дамып, күшейсе, онымен бірге саяси, мәдени және басқа да қатынастар (оның ішіне қауіпсіздік қатынасы да кіреді) өздігінен дамиды. Қазір Түркияның Еуропа және Батыспен сауда айналымы 41 млрд. АҚШ долларды құраса, бүтін түркітілдес елдермен бұл көрсеткіш небәрі 1 млрд. АҚШ доллары шамасында. Ол 1 млрд. доллардың жартысы Қазақстанға тиісті. Ең әуелі осыны ойлауымыз керек. Бұл көрсеткіштерді көтеру үшін не жасауымыз қажет? Алдымда құрметті Премьер-министр сөйлегендей, соңғы жылдар ішінде түрік құрылысшылары Қазақстанда 3 млрд. доллары көлемінде құрылыс жасады. Олар біздің еліміздің ақшалары мен несиелерін қолданды. Қазір біз ешкімнен несие алмаймыз, ондай мұқтажымыз жоқ. Біз өзіміздің ақшамызды қай жерге жіберуді ойланудамыз. Егер Түркияда жекешелендіру болатын болса, біздің банктер мен іскерлеріміз келіп, Түркияның фабрикаларын сатып алу немесе инвестиция жасау жағдайында екендігін айтқым келіп отыр. Біз қазіргі уақытта Түркияға инвестиция жасауға дайынбыз. Сіздер бізге тек қана инвестиция жасайтын жерді көрсетіңіздер!

Мен Түркияның үлкен фирмаларының Қазақстанға келуін қаладым. Бұрыннан бері бізде құрылыс секторында жұмыс жасайтын Жейлан Холдинг, Окан Холдинг, Ахсел фирмалары Алматы мен Астанада және басқа да жерлерде (басқа фирмалардың аттарын айтпасам кешіріңіздер, барлығын айта алмаймын, өйткені 130 фирма бар) басқа салаларда да қызмет атқаруда: мысалы қазақ-түрік мұнай фирмасы — қазір 100 миллион тонна мұнай қоры бар кен орнында жұмыс істейді, болашағы жарқын деп ойлаймын.

Қазақстан Президенті жанындағы инвесторлардың мүшесі «Коч» фирмасы — Алматыда 3 Рамстор дүкенін ашты және тағы да жалғастыратынына сенемін. «Енка» фирмасы Каспийде мұнай үшін платформа салуда. «Аларко» фирмасы халықаралық әуежайды салуда, «КсеII фирмасы телекоммуникация саласында қызмет атқару үстінде.

Kazak-Türk ilişkilerinin öncelikli yönlerinden biri, ticaret sektörüdür. Önümüzdeki 2010 yılında, Kazakistan ilk defa Rusya ve Beyaz Rusya'yla birlikte, Gümrük Birliği'ne girecek. Bu bizim piyasalarımızın fiilen birleşeceğini haber veriyor.

Bu olayın kendisi Kazakistan ile Türkiye'nin karşılıklı ticari ilişkilerinin yeni seviyeye yükseltilmesi imkânını ortaya çıkarmaktadır. Biz Türkiye için, mallarını Rusya ile Belarus'a ve gelecekte diğer BDT ülkelerine ulaştıracağı "yönlendirme noktası" olmaya hazırız.

O zaman, toplam sayısı 170 milyona yakın kişiye yönelik yekpare mal piyasası ve 1,8 trilyon ABD doları tutarında gayrisafi iç hâsıla oluşacak.

Gümrük Birliği fikrinin hayata geçirilmesi, fiilen Kazakistan'a yatırım yapacak Türk yatırımcılarına, yeni olanaklar sağlayacaktır. Gerçek anlamında, Kazakistan BDT'ye üye çok büyük Rusya, Belarus gibi ülkeler piyasasına açılan eşik olacak. Bununla birlikte, belirtilen ülkelerin piyasasına yol açılacaktır.

Dolayısıyla biz Türk işadamlarını projelerimizin hayata geçirilmesine katılmaya çağırıyoruz. Bunun için Sizlere bütün ortamı hazırlamaya hazırız.

Bildiğimize göre, Türkiye'de küçük ve orta ölçekli ticaret kuruluşları, tarım, gıda ve hafif endüstride çok büyük güce sahip.

Karşılıklı yarara dayalı işbirliğine örnek olarak, inşaat malzemeleri üretim alanındaki ortak işletmeleri söyleyebiliriz. Günümüzde Gümrük Birliğine girecek ülkeler 10 milyar dolardan fazla inşaat malzemesi ithal etmektedir.

Bizim ülkelerimizin tarım ve tarım ürünleri işleme alanındaki güçlü varlığı, ayrıca komşu ülkelerin büyük talebi, ortak işbirliğimizin gelişmesi için önemli imkân vermektedir. Günümüzde sadece et ürünleri tüketimi 4 milyon dolardır.

Türkiye'de hafif endüstri gelişiminin dikkat çekecek kadar yüksek olduğu söylendi. Bizim için bu alandaki tecrübeleriniz çok değerli. Girişimcilerinizi onun geliştirilmesine katılmaya çağırmak istiyoruz.

Biz ulaşılan başarılar düzeyinde durup kalamayız. Kazançlarımızı daha hala kat kat arttırabiliriz. O zaman ekonomik işbirliğimizin şimdikinden daha fazla derinleşip genişlemesinin, ülkelerimizin yakınlaşmasına etki edeceği açık.

Sözlerime son verirken, Kazakistan ile Türkiye'nin ticari-ekonomik ilişkilerde yeni bir aşamaya geçmesinin doğru olacağını bir kez daha ifade etmek istiyorum.

Dolayısıyla, bugünden başlayarak, ortak güç ve irademizi ortaya koyarak, kaynaklarımızı birleştirip, girişimcilerimiz arasındaki ikili ticari-ekonomik ilişkiler ile yatırım eylemlerini canlandırmaya dikkat kesilmenizi öneriyorum.

Sözün sonunda bu faaliyete katılan herkese kısmet ile büyük kazançlar, gelişme ve refah diliyorum.

İlginize teşekkür ederim.

Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің Қазақстан Республикасының Парламентінде сөйлеген сөзі

2010 жылғы 26 мамыр, Астана

Құрметті Төрағалар!
Құрметті Сенаторлар!
Қадірлі Депутаттар!

Қазақ халқының ұлттық ерік-жігері мен қалауының нышаны болып табылатын Қазақстан Парламентінің аса қадірлі мүшелерінің алдында сөз сөйлеу мен үшін үлкен мақтаныш. Осы орайда, құрметті досым Президент Н.Назарбаевтың шақыруымен Қазақстанға келгенім үшін қуанышты екенімді білдіргім келеді. Өзімізді өз елімізде жүргендей сезінеміз.

Түркия Республикасының негізін қалаушы ұлы Ататүрік республиканың құрылғанына 10 жыл өткеннен кейін, 1933 жылғы 29 қазанда сөз сөйлеген, біздің де ұранымызға айналған сөздерінде қысқаша былай деген: "Бүгін Кеңес Одағы – досымыз, одақтасымыз. Алайда, ертең не боларын бүгін ешкім кесіп айта алмайды. Дүние жаңа тепе-теңдікке ұласуы мүмкін. Міне, сол кезде Түркия не істеу керектігін білуі тиіс. Бұл досымыздың қол астында тілі, діні, тегі бір бауырларымыз бар. Оларға қол ұшын созуға дайын болуымыз қажет! Әзір болу – сол күнді үнсіз күту емес. Дайындалған жөн. Халықтар бұған қалай әзірленеді? Рухани көпірлерді сақтай отырып әзірленеді. Тіл – бір көпір... Сенім – бір көпір... Тарих – бір көпір. Тамыр-тегімізге оралып, сан қилы оқиғалармен ажыратылған тарихымызда түгенделуге тиіспіз".

Көсеміміз Ататүріктің осы мағыналы сөздері – бізге қалдырылған өсиет. Осы бағытта түп қазығы ортақ тарих, мәдениет, тіл және діннен бастау алатын көпірлерді одан әрі нығайту-бауырлас халықтарымыз бен келешек ұрпақтарымыздың алдындағы міндетіміз және жауапкершілігіміз. Шынында да Түркия мен Қазақстан халықтары географиялық жағынан алыстыққа, ұзақ жылдар бойы ажырап кеткеніне қарамастан олардың тарихы, мәдениеті және тілдерінің ортақ түп-тамырға негізделгенін ешқашан ұмытқан емес, сондықтан да әрдайым рухани жағынан бірге болды. Осы ортақ қасиетті құндылықтарымыз бен рухани бірлігіміз ынтымақтастығымызды ерекшелейтін негізгі элемент.

Құрметті Төрағалар!
Қадірлі Депутаттар!

Қазақстанның тәуелсіздігінен бұл күнге дейінгі барлық салада ілгері жасалған қадамдарыңызды мақтанышпен көріп отырмыз. Осы шешімді қадамдардың арғы жағында Қазақстанның тарихи тәжірибесі, түрлі мәдениеттің басын қосып отырған төзімділік қасиет, көреген көшбасшымен басшылықтың адами және табиғи байлықтарды саналы және тиімді пайдалануы жатыр.

Осы зерек ұстаным, Қазақстанның сыртқы саясатында да көрініс тапқан және Қазақстан халықаралық қауымдастықтың маңызды ойыншыларының қатарынан орын алды. Осы кезеңде Түркия мен Қазақстанның бірлігі үнемі дамып, тереңдеп келеді. Нәтижесінде ынтымақтастығымыз Құрметті Пре-

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Abdullah Gül'ün Kazakistan Cumhuriyeti Parlamentosu'nda yaptığı konuşma

26 Mayıs 2010, Astana

Saygıdeğer Başkanlar!
Değerli Senatörler!
Kıymetli Milletvekilleri!

Kazak halkının milli iradesini temsil eden Kazakistan Parlamentosu'nun değerli mensuplarına hitap etmekten büyük bir onur duymaktayım. Bu vesileyle, değerli dostum Cumhurbaşkanı Nazarbayev'in konuğu olarak dost ve kardeş Kazakistan'da bulunmaktan duyduğum memnuniyeti ifade etmek istiyorum. Kendimizi evimizde hissediyoruz.

Bizim de şiar edindiğimiz, Türkiye Cumhuriyeti'nin kurucusu Büyük Atatürk'ün, Cumhuriyetin ilanından tam 10 yıl sonra 29 Ekim 1933'teki sözleri özetle şöyledir: "Bugün Sovyetler Birliği dostumuzdur, müttefikimizdir. Fakat yarın ne olacağını kimse bugünden kestiremez. Dünya yeni bir dengeye ulaşabilir. İşte o zaman Türkiye ne yapacağını bilmelidir. Bizim bu dostumuzun idaresinde dili bir, inancı bir, özü bir kardeşlerimiz vardır. Onlara sahip çıkmaya hazır olmalıyız. Hazır olmak yalnız o günü susup beklemek değildir. Hazırlanmak lazımdır. Milletler buna nasıl hazırlanır? Manevi köprüleri sağlam tutarak. Dil bir köprüdür... İnanç bir köprüdür... Tarih bir köprüdür. Köklerimize inmeli ve olayların böldüğü tarihimizin içinde bütünleşmeliyiz."

Atatürk'ün bu anlamlı sözleri bizlere vasiyettir. Bu doğrultuda, temelleri ortak tarihe, kültür, dil ve inanca dayanan köprüleri daha da güçlendirmek, kardeş halklarımız ve gelecek nesillere karşı ortak görevimiz ve sorumluluğumuzdur.

Nitekim, Türk ve Kazak halkları da aralarındaki uzak mesafelere ve uzun ayrılık yıllarına rağmen, dillerinin, geçmişlerinin ve kültürlerinin ortak kökenlere dayandığını daima hatırlamışlar ve her zaman büyük bir gönül birliği içinde bulunmuşlardır. Paylaştığımız bu kutsal değerler ve gönül birlikteliğimiz ilişkilerimizin niteliğini belirleyen temel unsurlar olmuştur.

Sayın Başkanlar,
Kıymetli Parlamento Mensupları,

Kazakistan'ın bağımsızlığını kazandığı ilk günden itibaren her alanda atmakta olduğu kararlı adımları büyük bir gururla izlemekteyiz. Bu kararlı adımların ardında, Kazakistan'ın tarihi birikimi, farklı kültürleri bir arada barındıran hoşgörü kültürü, insani ve doğal zenginliklerinin vizyon sahibi büyük bir lider ve yönetim tarafından akılcı ve azami bir şekilde değerlendirilmesi yatmaktadır.

Bu dirayetli yaklaşım, Kazakistan'ın dış politikasına da yansımış ve Kazakistan uluslararası toplumun önemli aktörleri arasında yerini almıştır. Bu süreçte, Türkiye ve Kazakistan sürekli gelişen ve derinleşen bir dayanışma içinde olmuş ve sonuçta ilişkilerimiz Cumhurbaşkanı Sayın Nazarbayev'in Ekim 2009'da ülkemize düzenlediği ziyaret sırasında imzalanan Stratejik Ortaklık Anlaşması ile taçlandırılmıştır.

Her ziyaretimde gelişmesini hayranlıkla izlediğim Astana şehri Kazakistan'ın dinamizmini ve Cumhurbaşkanı Sayın Nazarbayev'in vizyonunu yansıtan en büyük eserdir. Astana'nın inşasında Türk firmalarının ve işgücünün de katkıda bulunması Türk-Kazak işbirliğinin en güzel nişanelerinden biridir.

зидент Н.Назарбаевтың 2009 жылы қараша айында елімізге жасаған сапары барысында қол қойылған Стратегиялық әріптестік шартымен өз шыңына жетті.

Әр сапарымда гүлденіп көркеюімен мені таңқалдыратын Астана қаласы Қазақстанның серпінділігін және Құрметті Президент Н.Назарбаевтың көрегенділігін көрсететін ең тамаша шығарма болып табылады. Астананың құрылысына түрік фирмаларының және жұмысшы күшінің де үлестерін қосуы, түрік-қазақ ынтымақтастығының ең тамаша нышандарының бірі.

Шынында да елдеріміз арасындағы экономикалық және сауда қарым-қатынастарының дамуында мердігерлік секторымыз қозғаушы күшті құрап отыр. Әлемнің ең үлкен халықаралық мердігерлері ішінде екінші орында тұрған түрік мердігерлік фирмаларының, Қазақстанда алдағы уақытта да көптеген жобаларға қатысатынына және осы әдемі елдің абаттандырылуы мен құрылысына сүбелі үлес қоса беретініне сенемін.

Қазақстанның ішкі инвестициясын қолдана отырып әлемдік дағдарысқа қарсы күресуі, оң экономикалық көрсеткіштері, жүзеге асырып жатқан жобалары, халқыңыздың экономикалық даму жолындағы күшінің және батылдығының көрсеткіші деп білеміз. Түркия қазіргі таңда 72 миллион жас халқы, серпінді экономикасы, бәсекеге қабілетті индустриясы және білікті жұмыс күшімен әлемнің 16-шы, Еуропаның 6-шы экономикалық күші болып табылады. Елдеріміздің қомақты экономикалық және сауда әлеуетін ескерсек, қазіргі табыстардың одан әрі молая беретініне сеніміміз мол.

Құрметті Төрағалар!

Қадірлі Парламент мүшелері!

Түркі әлемінің ат басын тірейтін ортақ үйі болып табылатын Еуразия аймағының стратегиялық маңызы бұрынғыдан да өсіп келе жатыр. Қазіргі кездегі маңызы Еуразия құрлығы ие болып отырған табиғи байлықтарының арқасында одан әрі артты. Әлемнің ең алдыңғы қатарлы өндірушілері және нарықтары орналасқан осы аймақта елдеріміздің мәртебесімен күші бізге ауқымды ынтымақтастық мүмкіндігін беруде.

Азия мен Еуропаны, Батыс пен Шығысты бір-біріне жақындататын, өңірдегі елдердің экономикалық дамуы мен өркендеуіне үлес қосатын жаңа көлік, байланыс және энергетика дәліздерін жетілдіруде, яғни жаңа Жібек жолдарын салуда Түркия мен Қазақстанға маңызды рөлдер мен тарихи жауапкершіліктер жүктеледі. Қытай мен Қиыр Шығыс және Еуропа нарықтарын қарқынды және қауіпсіз байланыс жолы болатын Баку-Тбилиси-Карс теміржолын Қазақстанның да қолдауымен іске қосқан жағдайда, тарихи Жібек Жолы қайтадан жанданады, ал бұл жағдай көздеген мақсатымызды орындау жолында маңызды бір қадам болады.

Қазақстанмен арамыздағы теңдесі жоқ саяси қарым-қатынасымыз, достық және ашық үн қосуымыз, кеңесу мақсатындағы бас қосуларымыз энергия саласындағы ынтымақтастығымыздың да қозғаушы күшін құрап отыр. Мұнымен бірге осы байланыс Түркияның энергия тасымалдау саласындағы нысандарының жүзеге асуына да көмегін тигізуде. Қазақстанның мұнайын 2008 жылдың қараша айынан бастап Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры арқылы әлем нарығына жеткізуі, энергия саласындағы қарым-қатынасымыз тұрғысынан алғанда жаңа кезең болады. Сондай-ақ қазақ мұнайының бүгінгі күні жетілдірілу жұмыстары жүріп жатқан Самсун-Жейхан өңделмеген мұнай құбыры арқылы тасымалдануыда энергия саласындағы байланысымызды жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін.

Құрметті Төрағалар!

Қадірлі Парламент мүшелері!

Әлемнің көптеген жерлерінде болып жатқан түйткілдер мен жаһандық қауіптердің бірқатарына мәдениеттер мен өркениеттер арасында ұзақ уақыт байланыстың болмауы, төзімсіздік және басқа мәдениеттер мен діндерді қате түсінушілік себеп болуда. Өркениеттераралық үйлесімге ынталандыру және адамдардың бір-бірін сыйлауын нығайту мақсатында Түркия мен Испания Өркениеттер Альянсы бастамасына мұрындық болды. Аумағында 130-ға жуық этностар тобын толеранттылық және келісімде өмір сүргізіп жатқан Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымының шаңырағында құрылған Өркениеттер Альянсының достық тобына белсенді қатысуы біз үшін ерекше маңызды болып табылады. Қазақстан тарапы ұйымдастырып отырған

Nitekim ülkelerimiz arasındaki ekonomik ve ticari işbirliğinin gelişmesinde müteahhitlik sektörümüz itici bir güç oluşturmaktadır. Dünyanın en büyük uluslararası müteahhitler listesinde ikinci sırada yer alan Türk müteahhitlik sektörünün Kazakistan'da ileride de birçok önemli projeye imza atacağına ve bu güzel ülkenin imar ve inşasına önemli katkılarda bulunmaya devam edeceğine inanıyorum.

Kazakistan'ın kendi kaynaklarıyla küresel krizle mücadele etmesi, olumlu ekonomik göstergeleri, gerçekleştirmekte olduğu büyük projeler ülkenizin ekonomik kalkınma yolundaki gücünün ve kararlılığının göstergesidir.

Bugün Türkiye de, 72 milyonluk genç nüfusu, dinamik ekonomisi, rekabetçi endüstrisi ve iyi yetişmiş işgücüyle dünyanın 16'ncı, Avrupa'nın ise 6'ncı büyük ekonomisidir. IMF ve OECD tahminlerine göre, Türkiye 2010 ve 2011 yıllarında en fazla büyüyecek ekonomiler arasında yer almaktadır.

Ülkelerimizin büyük ekonomik ve ticari potansiyeli göz önüne alındığında, mevcut rakamların daha da ileriye taşınacağına olan inancımız tamdır.

Sayın Başkanlar,

Değerli Parlamento Mensupları,

Türk Dünyasına da ev sahipliği yapan Avrasya coğrafyası, tarihte olduğu gibi günümüzde de stratejik önemini muhafaza etmektedir. Bugün bu önem, Avrasya kıtasının sahip olduğu zengin yeraltı ve yerüstü kaynaklarıyla daha da artmıştır. Dünyanın en büyük üreticileri ve pazarlarının yer aldığı bir bölgede ülkelerimizin konumu ve gücü bizlere büyük işbirliği imkânları sunmaktadır.

Asya ile Avrupa'yı, Batı ile Doğu'yu birbirine yakınlaştıracak, bölge ülkelerinin ekonomik gelişme ve refahına katkıda bulunacak yeni ulaştırma, iletişim ve enerji koridorlarının geliştirilmesinde, yani yeni "İpek Yolları"nın oluşturulmasında Türkiye ve Kazakistan'a önemli roller ve tarihi sorumluluklar düşmektedir.

Çin ve Uzakdoğu ile Avrupa pazarlarını, hızlı ve güvenilir bir şekilde birbirine bağlayacak Bakü-Tiflis-Kars Demiryolu hattı Kazakistan'ın da desteği ile hayata geçirildiğinde tarihi "İpek Yolu"nun yeniden canlandırılması hedefimiz kapsamında önemli bir adım atılmış olacaktır.

Kazakistan ile mükemmel siyasi ilişkilerimiz, dostane ve açık diyalogumuz ve istişarelerimiz, enerji alanındaki işbirliğimizin de itici gücünü teşkil etmekte, Türkiye'nin enerji sevkiyatı alanındaki hedeflerinin gerçekleştirilmesine destek vermektedir. Kazakistan'ın, Kazak petrolünün Kasım 2008 itibariyle Bakü-Tiflis-Ceyhan Ham Petrol Boru Hattı vasıtasıyla dünya pazarlarına ulaşması, enerji işbirliğimiz açısından önemli bir dönüm noktasını teşkil etmiştir. Aynı şekilde, Kazak petrolünün, üzerinde çalışılmakta olan Samsun-Ceyhan Ham Petrol Boru Hattı yoluyla sevkiyatının da enerji işbirliğimizi yeni boyutlara taşıyacağına inanmaktayım.

Sayın Parlamento Üyeleri,

Değerli Başkanlar,

Dünyanın birçok bölgesinde yaşanmakta olan sorunların ve küresel tehditlerin birçoğunun ardında kültürler ve medeniyetler arasında uzun süredir yaşanan iletişim eksikliği, hoşgörüsüzlük ve diğer kültürlere ve dinlere yönelik kırıcı önyargılar rol oynamaktadır. Kültürler arası anlayışı teşvik etmek ve karşılıklı saygı ortamını güçlendirmek amacıyla Türkiye ve İspanya Medeniyetler İttifakı girişimine öncülük etmişlerdir. Topraklarında pek çok etnik grubu hoşgörüyle ve barış içinde barındıran Kazakistan'ın da BM çatısı altında kurulan Medeniyetler İttifakı Dostlar Grubu'ndaki aktif tutumu bizim için ayrı bir önem arz etmektedir. Kazakistan'ın, Dünya Geleneksel Dini Liderler toplantılarına ev sahipliği yapması da aynı amaca hizmet etmektedir.

Ülkelerimizde mevcut siyasi ve ekonomik istikrar, yürüttüğümüz vizyon sahibi dış politikalar ve tarihi birikimimiz, Türkiye ve Kazakistan'ı aranan işbirliği ortakları haline getirmiştir. Türkiye'nin BM Güvenlik Konseyi'ne geçici üyeliği, Kazakistan'ın AGİT dönem Başkanlığı, uluslararası toplumun ülkelerimizin bölgesel istikrar ve işbirliğine ciddi katkılarda bulunabileceğine dair güvenilir göstergeleridir.

Batı coğrafyası dışından bir ülkenin AGİT'in tarihinde ilk defa dönem başkanlığına seçilmiş olması, Kazakistan'ın üstlendiği görevin önemini daha da arttırmaktadır. Kazakistan'ın bugüne kadar izlediği etkin ve yapıcı politikanın, bölge ülkeleriyle yakın ilişkilerinin, tarihi zenginliğinin AGİT coğrafyasındaki donmuş ihtilafların çözümüne de katkıda bulunacağına yürekten inanmaktayım.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі дәл осы мақсатқа қызмет етеді.

Елдеріміздегі қазіргі саяси және экономикалық тұрақтылық, тарапымыздан жүзеге асырылып жатқан перспективалық сыртқы саясатымыз бен тарихи тәжірибеміз Қазақстан мен Түркияны таңдаулы әріптестер деген атқа ие болғызды. Түркияның БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне Уақытша мүшелігі, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы халықаралық қауымдастықтың біздің мемлекеттеріміздің өңірлік және халықаралық тұрақтылықпен ынтымақтастыққа ауқымды үлес қоса алатынымызға деген сенімімен қолдауының көрінісі.

ЕҚЫҰ-ның тарихында Қазақстанның Шығыс елдері ішінен алғашқылардың бірі ретінде төраға болып сайлануы, оның атқаратын міндетінің маңыздылығын да арттырып отыр. Қазақстанның осы күнге дейін ұстанған белсенді және сындарлы саясатының өз өңіріндегі мемлекеттермен жақын байланыстарының, тарихи тәжірибесінің ЕҚЫҰ аумағындағы түйінді проблемаларды, алауыздықтарды шешуге атсалысатынына шын жүректен сенемін.

Осы орайда, Қырғызстанда сәуір айында болған және бізді алаңдатқан оқиғаларды одан әрі ушықтырмай тоқтатуда ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Қазақстанның атқарған жұмысын жоғары бағалаймыз. Достас және бауырлас Қырғызстанда болып өткен оқиғалар бізді де аса қатты алаңдатты. Оның қазір жүріп жатқан өткінші кезеңді ойдағыдай еңсеруі және қырғыз халқының өзіне лайық демократиялық басқару және жақсылыққа тез арада қауышуына бағытталған барлық шараларды қолдауға дайын екенімізді осы ретте тағы да бір рет еске салып өткім келеді. Қырғыз халқының осы қиын кезеңді еңсеруіне қол үшін беруіміз керек, бұл ең алдымен біздің туысқан халықтардың міндеті болып табылады.

Құрметті Президент Н.Назарбаевпен бірге осы мәселеде бірлескен түрде жұмыс істеу туралы шешім қабылдадық және қырғыз бауырларымызға осынау сындарлы кезеңде барлық салада қолұшын берудеміз, келешекте де беретін боламыз.

Құрметті Төрағалар!

Қадірлі Парламент мүшелері!

7-9 Маусымда Ыстамбұлда өткізілетін саммитте 2010-2012 жылдары аралығында АӨСШК төрағалығын қабылдап алатын боламыз. Көптеген мемлекеттердің өзара проблемаларына қарамастан, бейбітшілік пен тұрақтылықты дамыту мақсатында сенім шараларын жүзеге асырып, бас қосып, мәселелерді талқылаулары және ортақ шешім қабылдаулары 1992 жылы АӨСШК идеясын ұсынған Н.Назарбаевтың керемет көрегендігінің дәлелі.

Еуразия құрлығындағы ең маңызды қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымдары болып табылатын ЕҚЫҰ мен АӨСШК-нің төрағалықтарын бір уақытта қабылдап алатын Түркия мен Қазақстан арасындағы бірлік пен ынтымақтастық рухының аталған ұйымдарда да көрінісін табатынына сенеміз.

Мұнымен бірге, Қазақстан 2011 жылы ИЫҰ-ның Сыртқы істер министрлер кеңесі төрағалығын қабылдап алады. Мұнда да басқа халықаралық ұйымдарда ұстанған белсенді және сындарлы саясатын тәжірибесімен бірге қолданады және ұйымды жаңа сапалық деңгейге көтереді деген ойдамыз.

Құрметті Төрағалар!

Қадірлі Парламент мүшелері!

Еуропа Одағына мүше болу Түркияның стратегиялық мақсаттарының біреуі болып табылады. Түркияның Еуропа Одағына бет бұруы, оның түркі әлемімен қарым-қатынастарын кейінге ысырып тастады деген ұғымға келмейді.

Осы ретте, Түркия үшін ұлттық мәселе болып табылатын Кипрдағы БҰҰ-ның ауқымды шешім үрдісі туралы да қысқаша баяндап өткім келеді. Түркия келіссөз үрдісін және Кипр түріктерінің сындарлы ұмтылыстарын толықтай қолдайды. Грек тарапы мәселенің шешім табуы үшін қажетті күш жұмсамаған жағдайда, Кипр түріктерінің мәңгілік халықаралық қауымдастықтан тысқары өмір сүре алмайтыны анық.

Түрік тарапы мәселенің талқыланып шешім қабылдануын қолдайды және бұған дайын. Осы ретте, әлбетте Қазақстанмен бірге бауырлас елдер түркі әлемінің ажырамас бір субъектісі болып табылатын Кипр түріктерінің құқықтарын алуына жәрдемдеседі және оларды бауырына басады деген үміттеміз. Біз Қазақстанмен бірлесе отырып бүгінге дейін Түркітілдес мемлекеттер басшыла-

Bu çerçevede, Kırgızistan'da Nisan ayında yaşanan ve endişe ile karşıladığımız olayların daha da yayılmadan sona ermesinde AGİT Dönem Başkanı olarak Kazakistan'ın katkılarını takdirle karşılıyoruz. Dost ve kardeş Kırgızistan'da yaşananlar bizleri de derinden üzmüştür. Kırgızistan'ın içinde bulunduğu geçiş dönemini başarıyla tamamlaması ve Kırgız halkının hak ettiği demokratik yönetim ve refaha bir an önce kavuşabilmesi amacıyla atılacak her türlü adımı desteklemeye hazır olduğumuzu bu vesileyle bir kez daha teyit etmek istiyorum. Kırgız halkının bu zor süreci geride bırakmasına yardımcı olmamızın öncelikle kardeş halkların bir görevi olduğuna inanıyoruz.

Sayın Cumhurbaşkanı Nazarbayev ile birlikte bu konuda beraber çalışma kararı aldık. Ve Kırgız kardeşlerimize bu kritik dönemde her türlü yardım yapacağız, yapmaya da devam edeceğiz.

Sayın Başkanlar,

Kıymetli Parlamenterler,

7-9 Haziran'da İstanbul'da düzenlenecek Zirve ile 2010-2012 yılları arasında CICA Dönem Başkanlığını devralacağız. Birçok ülkenin aralarındaki sorunlara karşın, barışı ve istikrarı geliştirmek amacıyla güven arttırıcı önlemler hakkında bir araya gelip tartışabilmesi ve ortak kararlara varabilmesi, 1992 yılında CICA fikrini ortaya atarken Cumhurbaşkanı Nazarbayev'in ne kadar öngörülü olduğunu göstermektedir.

Avrasya coğrafyasındaki en önemli güvenlik ve işbirliği örgütlerinin, AGİT ve CICA'nın dönem başkanlıklarını eşzamanlı olarak üstlenecek olan Türkiye ve Kazakistan'ın aralarındaki dayanışma ve işbirliği ruhunu söz konusu örgütlere de yansıtacaklarına inanmaktayız.

Benzer şekilde, 2011 yılında da Kazakistan'ın Dışişleri Bakanları Konseyi dönem başkanlığını üstleneceği İKÖ'ye diğer uluslararası örgütlerde izlemekte olduğu aktif ve yapıcı politikayı, deneyimleriyle birlikte taşıyacağını ve örgütün çalışmalarına ayrı bir ivme kazandıracağını düşünmekteyiz.

Sayın Başkanlar,

Sayın Parlamento Üyeleri ve Senatörler,

Avrupa Birliği'ne üyelik Türkiye'nin stratejik hedeflerindendir. Türkiye'nin Avrupa Birliği'ne yönelimi, Türk Dünyası ile ilişkilerini ikinci plana attığı anlamına gelmemektedir.

Bu bağlamda, Türkiye için bir ulusal dava niteliğinde olan Kıbrıs'ta devam eden BM kapsamlı çözüm sürecine de kısaca değinmek istiyorum. Türkiye, müzakere sürecine ve Kıbrıs Türklerinin yapıcı çabalarına tam desteğini sürdürmektedir. Rum tarafı çözüm için gerekli iradeyi göstermediği takdirde Kıbrıs Türklerinin ilânihaye uluslararası toplumun marjında tutulamayacağı açıktır.

Türk tarafı çözüme hazırdır. Bu bağlamda, Kazakistan başta olmak üzere kardeş ülkelerin Türk dünyasının ayrılmaz bir parçası olan Kıbrıs Türklerinin hakkına hukukuna sahip çıkması ve onları kucaklaması tabii ki beklentimiz arasındadır.

Kazakistan'la beraber bugüne kadar öncülük ettiğimiz Türkçe Konuşan Ülkeler Devlet Başkanları Zirveler süreci, aramızdaki dayanışma ve birlikteliğin güçlenmesine yardımcı olmuş; 1992 yılından bu yana en üst düzeyde işbirliği platformunu oluşturmuştur. Bu süreç sonucunda, geçtiğimiz yıl, 2009'da Nahçıvan Anlaşması ile kurulan Türk İşbirliği Konseyi, kardeş halklarımızın ortak arzularının bir neticesidir.

Bu çerçevede, Türk Dünyasının Aksakalı Cumhurbaşkanı Sayın Nazarbayev'in, 1992 yılından bu yana Türk Cumhuriyetleri arasında işbirliğinin her boyutta kurumsallaştırılmasına olan katkıları tarih boyunca her zaman hatırlanacaktır.

Sekretaryası İstanbul'da kurulacak olan Türk Konseyi'nin bölgesel ve küresel meselelerde aktif bir uluslararası örgüt haline gelmesine büyük önem vermekteyiz. Bu doğrultuda, Türk Konseyi'nin ilk Devlet Başkanları Konseyi toplantısının İstanbul'da düzenlenmesi için hazırlıklara başladık.

Kazakistan Parlamentosu da bu yıl içinde Türkçe Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesi (TÜRK-PA) toplantısına ev sahipliği yapacaktır. Halklarımızın temsilcileri olan Parlamenterler, TÜRK-PA faaliyetleri kapsamında çok daha yakın temas içinde bulunacaklar, birbirlerini daha yakından tanıyacaklardır.

Diğer yandan, Nahçıvan Zirvesi'nde Cumhurbaşkanı Sayın Nazarbayev'in kurulmasını öngördüğü ve dün açılışını yaptığımız Türk Akademisi'nin Türk Dünyası'na büyük katkılarda bulunacağına gönülden inanmaktayım. Ev sahipliğini yapmaktan büyük gurur duyduğumuz TÜRKSOY'un da ortak Türk kültür ve sanatının kalıcı kılınmasına, devletlerimiz arasın-

ры саммиті үрдісіне көшбасшылық етіп келдік. Бұл жағдай арамыздағы ынмақтастық пен бірліктің нығаюына ықпал етті; 1992 жылдан бастап бүгінге дейін ең жоғарғы деңгейде ынтымақтастық платформасы құрылды. Осы үрдіс нәтижесінде өткен 2009 жылы Нахчыван келіссөзінен кейін құрылған Түркі кеңесі бауырлас халықтарымыздың ортақ арманының қорытындысы деп есептеледі.

Осы ретте, Түркі әлемінің Ақсақалы, Құрметті Президент Н.Назарбаевтың 1992 жылдан бастап күні бүгінге дейін Түркітілдес мемлекеттер арасында ынтымақтастықтың барлық деңгейде институттануына қосқан ерен еңбегін біз еш уақытта жадымыздан шығармаймыз. Хатшылығы Ыстамбұлда құрылатын Түркі кеңесінің өңірлік және халықаралық мәселелерде белсенді халықаралық ұйымға айналуына үлкен мән беріп отырмыз. Түркі кеңесінің Мемлекеттер басшыларының бірінші кеңесінің Ыстамбұлда өткізілуі үшін дайындық жұмыстарын бастадық.

Қазақстан парламенті бұл жыл ішінде Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясын (ТҮРКПА) өткізеді. Халықтарымыздың өкілдері болып табылатын парламентерлер ТҮРКПА шеңберінде одан әрі өзара жақын ықпалдастық жүргізеді және бір-бірлерін жақыннан танитын болады.

Мұнымен қоса, Нахчыван саммитінде Құрметті Президент Н.Назарбаев ұсынған және кеше ашылу рәсімі өткізілген Түркі академиясының түркі әлеміне үлкен үлес қосатынына шын жүректен сенемін. Біз елімізде орналасқанын әрдайым мақтан тұтатын ТҮРКСОЙ-дың да ортақ мәдениет пен өнердің сақталуы, мемлекеттеріміздің арасындағы мәдени тұрмыстық ықпалдастықтың дамуы және нығаюы жолында атқарып жатқан еңбектерін жоғары бағалаймыз.

Құрметті Төрағалар!

Қадірлі Парламент мүшелері, сенаторлар!

Бауырлас елдер арасында стратегиялық әріптестік мәртебесіне көтерілген достық байланысымыздың дамуында жергілікті басқару органдарының, яғни муниципалитеттердің, азаматтық бірлестіктердің, зерттеу орталықтарының және кәсіби бірлестіктердің, ғалымдардың, спортшылардың және қоғамдарымыздың игілігі үшін қызмет ететін барлық басқада субъектілердің үлестері мол.

Түркияда білім алған және қазір оқып жатқан қазақ жастары мен Қазақстанда Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқитын түрік жастары елдеріміздің арасындағы қазіргі бауырластық қарым-қатынасты келешекке жетелейтін дәнекерлер, құрметті елшілеріміз.

Осы орайда парламентке орасан міндет жүктеледі. Ұлттық егемендігіміздің ажырамас өкілі болып табылатын парламенттеріміздің заң шығару саласындағы тәжірибелерін, өңірлік және халықаралық тақырыптар жөніндегі перспективаларын бөлісулерін және ортақ ұмтылыстарды жетілдірулерін, стратегиялық әріптестігімізді сапалық жаңа сатыға шығаратын шаралар деп есептеймін.

Сөзімді Ататүріктің «Оныншы жылға арналған сөзінен» алынған бір үзіндімен қорытындылағым келеді: «Түркіліктің ұмытылған керемет мәдени қасиеті мен мәдени қабілеті бұдан кейін көркейе отырып, келешектің ұлы өркениет көкжиегінде қайтадан күн сияқты туады».

Халықтарымыз арасындағы мәңгілік достықпен бірліктің жарқын келешегімізде жаңа көкжиектер ашатынына кәміл сене отырып, баршаңызға шын жүректен сәлем жолдаймын. Түрік халқының сүйіспеншілігі мен сәлемін қабыл алыңыздар. Көп рахмет!

daki kültürel yaşamın gelişmesi ve güçlenmesine olan katkılarını takdirle karşılamaktayız.

Değerli Başkanlar,

Kıymetli Milletvekilleri, Senatörler,

Kardeş devletlerimiz arasındaki stratejik ortaklık mertebesine yükselen dostluk ilişkilerinin geliştirilmesine yerel yöneticilerin, yani belediyelerin, sivil toplum örgütlerinin, düşünce ve meslek kuruluşlarının, bilim adamlarının, sporcuların ve toplumlarımızın refahı için çalışan diğer tüm kesimlerin katkıları çok büyüktür.

Türkiye'de eğitim gören ve halen görmekte olan Kazak gençleri ile başta Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesi olmak üzere Kazakistan'da eğitim alan Türk gençleri, ülkelerimiz arasında mevcut kardeşlik ilişkilerini geleceğe taşıyacak köprülerin temellerini oluşturacak, fahri elçilerimiz olacaklardır.

Bu konuda Parlamentolarımıza da büyük görevler düşmektedir. Ulusal egemenliğimizin vazgeçilmez temsilcileri olan Parlamentolarımızın, yasama alanındaki tecrübelerini, bölgesel ve küresel konulara dair vizyonlarını birbirleriyle paylaşmaları, ortak tutumlar geliştirmeleri stratejik ortaklığımıza ayrı bir boyut kazandıracak faaliyetler olarak görüyorum.

Konuşmamı Atatürk'ün Onuncu Yıl Nutkundan alıntı yaparak sonlandırmak istiyorum: "Asla şüphem yoktur ki, Türklüğün unutulmuş büyük medeni vasfı ve büyük medeni kabiliyeti, bundan sonraki inkişafıyla, atinin yüksek medeniyet ufkunda yeni bir güneş gibi doğacaktır."

Halklarımız arasındaki ebedi dostluk ve dayanışmanın parlak geleceğimizde yeni ufuklar açacağı inancıyla, hepinizi en içten duygularımla selamlıyorum. Türk halkının sevgi ve muhabbetlerini hepinize sunuyorum, sağ olun.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде сөйлеген сөзі

2010 жылғы 24 мамыр, Түркістан

Жоғары мәртебелі Президент мырза!

Тамырын тереңге тартқан, Мағжан ақын «екі дүниенің есігі, ер түріктің бесігі» деп жырға қосқан қасиетті Түркістан жеріне қош келдіңіз.

Қадірлі оқытушылар мен студенттер!

Түгел түркінің тәу етер төрі болған Түркістанның ортақ тарихымызда алар орны айрықша. Бүгін осы құтты қоныс, рухани ордада туыс ел Түркиядан келген мәртебелі меймандармен және сіздермен кездесіп отырғаныма қуаныштымын.

Түркия - біздің тәуелсіздігімізді жариялаған сәттен бері сенімді стратегиялық серіктесіміз. Біз түрік елінің айнымас достық пейілі мен ыстық ықыласын жоғары бағалаймыз.

Баршаңыз білесіздер, бауырлас екі елді байланыстыратын тұстар аз емес. Бәріміз байырғы баба - батыр түркінің кіндігінен өсіп-өнген ұрпақпыз. Тіліміз жақын, тілегіміз бір. Тағдырымыз ұқсас, тарихымыз ортақ. Жер арасы шалғай болғанымен, ғасырлар қойнауынан үзілмей жеткен асыл құндылықтарымыз алтын арқаудай бізді етене жақындастырады.

Тарихи тамырластығымыз екі ел қатынасының қарқынды дамуына оң ықпал етуде. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық жыл сайын барлық салада барынша тереңдеп келеді.

Біздің қалтқысыз қарым-қатынастарымыздың айшықты бір көрінісі - осы оқу орны. Ұлы ақын, ғұлама ойшыл Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атын иеленген бұл университет - түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық университет.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап мен Түркістанды қайта түлету идеясын көтеріп, оны жүзеге асыруға ден қойдым. Сондықтан, Түркістандағы университет 1992 жылы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды.

Білім ордасына Түркістанның рухани ұстыны Әзірет Сұлтан бабамыздың - Қожа Ахмет Ясауидің аты берілуі тегін емес. Өркениеттер қақтығысы туралы әңгіме өршіп тұрған бүгінгі алмағайып заманда ізгілік пен толеранттықты ту еткен Ясауи ілімінің барша адамзат баласы үшін маңызы айрықша екені белгілі.

Осылайша бір кездері шәкірттерін дүниенің төрткіл бұрышына аттандырған Ясауи бабамыздың аты ұрпақтарын құтты қонысқа қайта шақырған ұранға айналды. Игілікті істің басы-қасында сол кездегі Түркия Президенті, марқұм Тұрғыт Өзал екеуіміздің бірге болғанымыз әлі күнге жадымда. Оқу орнының дамуында университеттің құрметті профессоры атағын алған Сүлейман Демирел ақсақалдың да еңбегі елеулі болды. Бүгін осы құтты білім ордасының құрметті профессоры атанып отырған Абдулла Гүл де қазақ-түрік ынтымақтастығының кең қанат жайып, өрістей түсуіне қомақты үлес қосып келеді.

Университетте қазір 22 мыңға жуық жас 91 мамандық бойынша білім алуда. Осы күнге дейін бұл оқу орнынан түлеп ұшқан мамандар саны 75 мыңға жетті.

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nde yaptığı konuşma

24 Mayıs 2010, Türkistan

Ekselansları Cumhurbaşkanı beyefendi!

Kökleri derinlere uzanan, şair Mağcan'ın "İki dünya eşiği, Er Türk'ün beşiği" diye şiirine katılan, mukaddes Türkistan toprağına hoş geldiniz!

Değerli Öğretim Üyeleri ve Öğrenciler!

Bütün Türklerin ibadet ettiği başköşesi olmuş Türkistan'ın ortak tarihimizde aldığı yer ayrıcalıklıdır. Bugün, bu kutlu yerleşke, manevi merkezde kardeş ülke Türkiye'den gelen itibarlı konuklarla ve Sizlerle görüştüğüm için kıvançlıyım.

Türkiye, bizim bağımsızlığımızı ilan ettiğimiz andan beri güvenilir stratejik ortağımız. Biz Türk ülkesinin yılmaz dostluk duygusu ile sıcak ilgisine yüksek değer veriyoruz.

Hepiniz biliyorsunuz, kardeş iki ülkeyi buluşturan unsurlar az değil. Hepimiz kadim ata, kahraman Türklerin göbeğinden büyüyüp gelişen nesilleriz. Dilimiz yakın, dileğimiz aynı. Kaderimiz benzer, tarihimiz ortak. Ülkeler arası ırak olmakla birlikte, asırların koynunda kopmadan ulaşan asil değerlerimiz altın atkı gibi, bizi etle tırnakçasına, yakınlaştırmaktadır.

Tarihi yakınlığımız iki ülke ilişkilerinin hızlı gelişmesine olumlu etki etmekte. Kazakistan ile Türkiye arasındaki işbirliği her yıl bütün alanlarda olabildiğince derinleşmektedir.

Bizim art niyetsiz ilişkilerimizin somut bir görünüşü, bu eğitim yeri. Ulu ozan, ulema düşünür Hoca Ahmet Yesevi atamızın adını sahiplenen bu üniversite, Türk dünyasındaki ilk uluslar arası üniversite.

Ülkemiz bağımsızlığa kavuştuğu ilk yıldan başlayarak, ben Türkistan'ı yeniden kurma ülküsünü yükseltip, bunu gerçekleştirmeye dikkat kesildim. Dolayısıyla, Türkistan'daki üniversite, 1992 yılında, Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi olarak yeniden kuruldu.

Eğitim merkezine Türkistan'ın manevi sütunu Hazret Sultan atamızın, Hoca Ahmet Yesevi'nin adının verilmesi boşuna değil. Medeniyetler arası çatışmalarla ilgili söylemlerin hız kesmediği bugünkü sıkıntılı zamanda, iyilik ve hoşgörü anlayışını bayraklaştıran Yesevi fikriyatının büyük insanlık için önemi ayrıca belli.

Böylece, bir zamanlar, müritlerini dünyanın dört bir tarafına gönderen Yesevi atamızın ismi, nesillerini kutsal mekâna yeniden çağıran slogana dönüştü. Bu güzel çalışmanın başlangıcında, o dönemdeki Türkiye Cumhurbaşkanı merhum Turgut Özal ile ikimizin birlikte oluşumuz bugün hala hatırımda. Eğitim kurumunun gelişmesinde Üniversitenin Fahri Profesörlük unvanını alan Süleyman Demirel Aksakalın da emeği kapsamlı oldu. Bugün, bu kutlu eğitim merkezinin Fahri Profesörü unvanına erişen Abdullah Gül de Kazak-Türk işbirliğinin genişleyerek pekişmesine önemli katkılar sağlamaktadır.

Üniversitede şimdi 22 bine yakın genç, 91 uzmanlık alanında öğrenim görmekte. Bugüne kadar eğitim kurumlarından mezun olan öğrenci sayısı yetmiş beş bine ulaşmıştır.

Kazakistan, 2002 yılından itibaren, Türkiye ile di-

Қазақстан 2002 жылдан бері Түркия мен өзге де түркітілдес елдердің талапкерлері үшін осы білім ордасына жыл сайын тұрақты түрде 200 мемлекеттік білім грантын тағайындады.

ХҚТУ-дың халықтарымыздың білім беру саласында, өзара мәдени-рухани тұрғыдан жақындаса түсуінде маңызы орасан. Ол кезінде адамзатқа Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи сынды әлемдік деңгейдегі ғұламаларды тарту еткен өңірінің қайта түлеуіне, жалпы өлкенің дамуына оң септігін тигізіп отыр.

Бүгінде университет түркітілдес елдердің білім іздеген талапты жастарының табысатын құтты орнына айналды. Мұнда әлемнің 14 мемлекетінен келген шәкірттер білім алуда. Олар түркі халықтарына ортақ дәстүр болған ізгілік ілімін озық ғылыммен ұштастыра түсуде. Оқу орнын бітірген түлектер Қазақстан мен Түркияда ғана емес еліміздің ерікті елшілері ретінде ТМД және Еуропа елдерінде түрлі салалар бойынша жемісті еңбек етіп жүр.

Қадірлі қауым!

Шежірелі шаһар Түркістан бағзыдан бүгінге дейін барша түркі халықтарының басын қосатын қасиетінен айрылған емес. Туыстас Түркияның Президенті Абдулла Гүл мырзамен бірге бүгін осы құтты қалаға келіп отырғанымыз - соның бір айғағы.

Тәңірге тәубе, түгел түркінің тұтастығы бағытында өзге туыстардың баршасына тірек болған Түркия мен Қазақстан арасындағы бауырластық биік белестерді бағындырып келеді. Бұл орайда мен Қазақстанмен тізе қосып, орасан еңбек сіңіріп келе жатқан бауырлас Түркия тарапына зор алғысымды білдіремін.

Қазақстанның тәуелсіздігін әлемде алғашқы болып таныған түрік бауырларымыз осы Түркістанның ең басты, баға жетпес құндылығы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесін күрделі қайта жөндеуден өткізуге көмек еткенін біз ұмытпаймыз.

Ағайын арасындағы мұндай көңіл сүйсінтетін абзал істер аз емес. Былтыр біз Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін құру туралы келісімге қол жеткіздік. Енді Астанада халықтарымыздың және ортақ жалпы түркі мәдени мұраларын әлем деңгейінде насихаттап, таныту мақсатында Түркі әлемі Академиясы ашылғалы отыр. Мені бір кезде түркі әлемінің мәдени-рухани мұраларын бірлесіп зерттеу туралы айтқан ойларымның іс жүзіне аса бастағаны қуантады.

Жалпы, Қазақстан жоғары оқу орындарында қазіргі кезде Түркияның 450 азаматы оқып жатыр. Ал Түркияда 1992 жылдан бері 3230 қазақстандық талапкер білім алды. Осы жылдар ішінде қазақ-түрік лицейлерінің 300-ге жуық шәкірттері халықаралық жарыстардың жеңімпазы атанды.

Білімді елдің болашағы жарқын. Мен қай дәуірде болмасын, ең сенімді инвестиция -адам ресурстарына салынған қаражат деп есептеймін.

Мен Қазақстан халқына биылғы дәстүрлі Жолдауымда жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиістігін атап айттым. Елдегі жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек.

Университет жаңа ғасыр талабына сай сапалы білім беріп, жаһандық бәсекеге қабілетті мамандар әзірлеуі тиіс. Бұл білім сапасын артыруға ықпал етіп, оқу орны түлектерінің кәсіби өсуіне, өмірде табысты болуына жол ашады.

Сіздердің сондай биік үдеден шығатындарыңызға сенім білдіремін.

Баршаңызға табыс, отбасыларыңызға амандық, ғылым мен ғибрат жолындағы істеріңізге сәттілік тілеймін.

Назарларыңызға рахмет.

ğer Türk Devlet ve toplulukları öğrenci adayları için, bu eğitim kurumuna her yıl kesintisiz olarak 200 devlet eğitim bursu vermektedir.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nin, halklarımızın eğitim alanında karşılıklı kültürel-manevi açıdan yakınlaşmasında önemi büyük. O; zamanında insanlığa El Farabi, Hoca Ahmet Yesevi gibi evrensel düzeydeki ulemaları armağan eden bölgenin yeniden gelişmesine, genel olarak ülkemizin gelişmesine olumlu yönde tesir etmektedir.

Bugün üniversite Türk dili konuşan ülkelerin eğitim arayan istekli gençlerinin buluştuğu kutlu mekâna dönüştü. Burada dünyanın 14 devletinden gelen öğrenciler eğitim almakta. Onlar Türk halklarının ortak geleneği olan hayırseverlik ilmini çağdaş bilimle bağdaştırmaktadır. Eğitim kurumunu bitiren mezunlar sadece Kazakistan ile Türkiye'de değil, ülkemizin muktedir elçileri olarak BDT ve Avrupa ülkelerinde çeşitli alanlarda verimli işler yapmaktadır.

Değerli Konuklar!

Şecereli şehir Türkistan geçmişten bugüne değin bütün Türk halklarını bir araya getiren mukaddesatından ayrılmış değil. Kardeş Türkiye'nin Cumhurbaşkanı Abdullah Gül Beyefendi ile birlikte bugün bu kutlu şehre gelişimiz, bunun bir delili.

Tanrı'ya tövbe, bütün Türklerin birliği yolunda diğer akrabaların hepsine dayanak olan Türkiye ile Kazakistan arasındaki kardeşlik büyük aşamaları himayesine almaktadır. Bu bağlamda ben Kazakistan ile diz dize, çok büyük emek harcayarak gelmekte olan kardeş Türkiye tarafına çok teşekkür ediyorum.

Kazakistan'ın bağımsızlığını dünyada ilk olarak tanıyan Türk kardeşlerimizin, bu Türkistan'ın en öncelikli, paha biçilmez değeri Hoca Ahmet Yesevi atamızın türbesini büyük onarımdan geçirmekte yardım ettiğini biz unutmayacağız.

Kardeşler arasında böyle gönül imrendiren doğru işler az değil. Bıldır biz Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi'ni kurmak konusunda anlaşmaya vardık. Şimdi Astana'da, halklarımızın ve ortak genel Türk kültür mirasının, uluslar arası düzeyde anlatılıp, tanıtılması amacıyla Türk Dünyası Akademisi açılmak üzeredir. Beni bir defa, Türk dünyasının kültürel-manevi mirasını birlikte araştırmak konusunda söylediğim, düşüncelerimin gerçekleşme yolundaki büyük başlangıcı gururlandırmaktadır.

Genel olarak, Kazakistan yüksek öğretim kurumlarında günümüzde Türkiye'nin 450 vatandaşı okuyor. Türkiye'de ise, 1992 yılından beri 3000'den fazla Kazakistanlı öğrenci eğitim aldı. Bu yıllar içinde Kazak-Türk Liselerinin 300'e yakın öğrencisi uluslar arası yarışların galibi oldu.

Eğitimli ülkenin geleceği parlak. Ben hangi devirde olursa olsun, en güvenli yatırımın, insan kaynaklarına harcanan ödenek olduğunu düşünüyorum.

Ben, Kazakistan halkına bu yılki geleneksel Seslenişimde, yüksek öğretim sektörünün, en yüksek uluslar arası talepleri karşılayabilmesinin zorunluluğunu belirttim. Ülkedeki yüksek öğretim kurumlarının, dünyanın lider üniversiteleri sıralamasına girmek için hamle yapmaları gerek.

Üniversite yeni asrın taleplerine uygun kaliteli eğitim verip, küresel rekabete kabiliyetli uzmanlar hazırlamak zorundadır. Bu eğitim kalitesinin arttırılmasını sağlayıp, eğitim kurumu mezunlarının mesleki gelişimine, ömür boyu başarılı olmasına yol açacaktır.

Sizin böyle yüksek bir murada erebileceğinize güven bildiriyorum.

Hepinize başarı, ailelerinize huzur, eğitim ve ibret yolundaki işlerinizde şans diliyorum.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркі академиясының ашылу салтанатында сөйлеген сөзі

2010 жылғы 25 мамыр, Астана

Қадірлі Президент Абдулла Гүл мырза!
Құрметті ханымдар мен мырзалар!
Қымбатты достар!

Біз бүгін түркі дүниесіндегі түңғыш және бірегей ғылыми-зерттеу орталығы Түркі академиясының ашылуына куә болып отырмыз. Бұл - түркі тектес елдердің мәдени-гуманитарлық байланысын нығайтуға өлшеусіз үлес қосатын, тарихи маңызы зор оқиға.

Салтанатты жиынға біздің досымыз, Түркия Республикасының Президенті, Жоғары мәртебелі Абдулла Гүл мырза қатысып отыр. Бұл бүгінгі рәсімнің ерекше маңыздылығын айғақтай түседі.

Оның осы салтанатты шараға арнайы қатысып отырғанына алғысымды білдіремін.

Қадірлі қауым!

«Енші алып. қалың түркі тарасқанда, Қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па» деп ақиық ақын Мағжан жырлағандай, Қазақстан - түгел түркінің ата жұрты, ат байлар қазығы, алтын бесігі.

Біз түркі әлемінің асыл тұлғаларын қадірлеп, қастерлеп отырамыз. Соның бір белгісі елорданың төрінде тұрған Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткіші. Енді міне, күллі түркі дүниесінің ізгі ойлы, биік парасатты, білікті де білімді адамдарының басын қосатын тағы бір шаңырақ - Түркі академиясын ашқалы отырмыз.

Осы арқылы біз байырғы атамекені - Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр аумақта ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың арманын алға апарып, аманатын орындаудамыз. Бұл баршамыздың өтеуге тиісті перзенттік парызымыз болатын.

Азаттығын жариялаған сәттен бастап Қазақстан түркі әлемінің өзара ықпалдасу және мәдени бірігу мәселесіне айрықша мән беріп, өзінің халықаралық саясатының маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырып келеді.

Қазақстан Республикасы қазіргі кезде Орталық Азия аумағындағы туыс елдермен, Түркиямен, Әзербайжанмен ынтымақтастықты жүйелі әрі жанжақты дамытып, нығайта түсуде.

Татарстанмен, Башқұртстанмен де іскерлік және мәдени байланыстарды белсенді жүргізуде.

Қазіргі кезде түркітілдес мемлекеттер қауымдастығының жарқын болашақты бірлесіп жасауға әлеуеті жеткілікті. Олардың тұрақты дамып келе жатқан қуатты экономикалық секторы, бірегей төл мәдениеті, бай рухани мұрасы бар. Адам ресурстары да мол.

Ардақты қауым!

Түркі академиясының ашылуы түркі тілдес халықтарды төл тарихы мен мәдениетін өркендетуге жұмылдырады деп сенемін.

Академия ғылымды дамытуға, түркітанушы ғалымдардың кәсіби біліктілігін арттыру мен өзара тығыз байланысына қолайлы жағдай тудырады.

Түркі академиясының базасында әлемнің жетекші түркітанушылары ғылыми зерттеулер жүргізеді. Мұнда түркі халықтарының форумдары,

Kazakistan Cumhuriyeti Devlet Başkanı Nursultan Nazarbayev'in Türk Akademisi'nin açılış töreninde yaptığı konuşma

25 Mayıs 2010, Astana

Değerli Cumhurbaşkanı Abdullah Gül beyefendi!
Saygıdeğer hanımefendiler ve beyefendiler!
Kıymetli dostlar!

Biz bugün, Türk Dünyasındaki ilk ve tek ilmî araştırma merkezi Türk Akademisi'nin açılışına tanıklık ediyoruz. Bu, Türk soylu ülkelerin beşeri ve kültürel ilişkilerini geliştirmeye ölçüsüz katkı sağlayacak, tarihi önemi büyük olay.

Törenli toplantıya bizim dostumuz, Türkiye Cumhuriyeti'nin Cumhurbaşkanı, Ekselansları Abdullah Gül Beyefendi katılmaktadır. Bu, bugünkü törenin ayrıcalıklı önemini ispat etmektedir.

Onun, bu tören faaliyetine özel olarak katılmasına teşekkürlerimi sunuyorum.

Değerli konuklar!

"Tereke alıp, kalabalık Türk dağıldığında / Kazak'ta baba ocağı kalmadı mı" diye, üstat şair Mağcan'ın şiirleştirdiği gibi, Kazakistan, bütün Türklerin ata yurdu, at bağladığı kazığı, altın beşiği.

Biz Türk dünyasının asil şahsiyetlerine değer verip, saygı gösteriyoruz. Bunun bir belirtisi başkentin başköşesinde duran Mustafa Kemal Atatürk anıtı. İşte, şimdi, bütün Türk dünyasının iyi düşünceli, yüksek ferasetli, bilgili ve eğitimli adamlarını bir araya getiren yeni bir çatıyı, Türk Akademisi'ni açıyoruz.

Bu sayede biz kadim ata mekânını, Altay ile Atırau arasındaki uçsuz bucaksız bölgede ömür geçiren atalarımızın hayalini öne çıkarıp, emanetini yerine getiriyoruz. Bu hepimizin ödemek zorunda olduğu evlatlık borcumuzdur.

Özgürlüğünü ilan ettiği andan başlayarak, Kazakistan Türk dünyasının karşılıklı yakınlaşma ve kültürel birleşme meselesine özel önem verip, bunu, kendisinin uluslar arası siyasetinin önemli programlarından biri olarak gördü.

Kazakistan Cumhuriyeti günümüzde Merkezi Asya bölgesindeki akraba ülkelerle, Türkiye ile Azerbaycan ile işbirliğini sistemli ve çok yönlü geliştirip, pekiştirmekte.

Tataristan ile Başkurdistan ile de iş ve kültür ilişkileri etkin yürütülmekte.

Günümüzde, Türk dili konuşan ülkeler topluluğunun, parlak geleceği, birleşerek yapmaya gücü yeterli. Onların istikrarlı kalkınmaya devam eden kuvvetli ekonomi sektörü, eşsiz özgün kültürü, zengin manevi mirası var. İnsan kaynakları da bol.

Saygıdeğer konuklar!

Türk Akademisi'nin açılışı, Türk dili konuşan halkları, özgün tarihi ile kültürünü geliştirmeye sevk edecektir, diye inanıyorum.

Akademi bilimi geliştirmeye, Türkolog bilim adamlarının mesleki bilgilerini arttırmaları ile karşılıklı sıkı ilişkilerine elverişli ortam sağlayacaktır.

Türk Akademisi'nin temelinde dünyanın önde gelen Türkologları ilmî araştırmalar yürütecek. Burada Türk halklarının forumları, sempozyumları, festivalleri yapılacak. Türk dillerinin geliştirilmesi ile daha da kalkındırılması amacıyla onun bünyesinde Türk Dilleri Milli Kampusu oluşturulacaktır.

симпөзиумдары, фестивальдары өткізілетін болады. Түркі тілдерін өркендету мен әрі қарай дамыту мақсатында оның құрамында Түркі тілдерінің ұлттық корпусы жасалады.

Академия Түркі кеңесімен, Түркітілдес елдердің парламенттік ассамблеясымен және «ТҮРКСОЙ» ұйымымен етене араласып, тығыз байланыста жұмыс істейді.

Ғылымның әр түрлі салаларында тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларды жүзеге асыру механизмі күшейеді.

Біз, қаны мен жаны бір түркі халықтары, атабабаларымыздың жасампаз мол мұрасын бірлесіп насихаттауымыз керек. Еуразия кеңістігінде ен жайлаған түркілер әлемдік өркениеттің дамуына орасан зор үлес қосты, адамзат тарихында ірі бетбұрыстар жасады.

Түркілер құрған қуатты мемлекеттер ғасырлар бойы көршілес аймақтарға өз ықпалын жүргізді. Әлемнің көптеген тілдерінде түркі сөздерінің жиі кездесуі - соның айқын айғағы.

Түркілер тарихқа көрнекті мемлекет қайраткерлерін, ұлы ғалымдар мен дарынды ақындарды сыйлады. Ғылым мен өнер үшін Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Әл-Фараби; Ибн Сина, Әл-Хорезми, Қожа Ахмет Ясауи, Ұлықбек, Әлішер Науайы, Физули, Мимар Синанның және өзге де әйгілі есімдердің маңызы орасан.

Біз Түркі академиясы арқылы күш-жігерімізді біріктіре отырып, түркілердің әлемдік тарихи үдерістегі рөлі туралы жаңа да құнды тарихи деректерді ашамыз. Сонымен бірге ортақ мәдениетіміз бен дәстүрімізді үздіксіз дамытамыз.

Түркі халықтарының тағдыр-талайы еш уақытта жаһандық тарихи үрдістерден тыс болған емес.

Еуразия тарихында болған маңызды оқиғалардың бәрі дерлік түркілердің тыныс-тіршілігімен біте қайнасып жатқандығы - тарихи шындық.

